

Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 5 қыркүйектегі N 343 қаулысы. Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 10 қазандағы N 1409 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 9 қарашада тіркелді. Тіркеу N 1669. Қаулының күші жойылады - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 17 тамыздағы N 86 қаулысымен .

РҚАО-ның ескертуі: ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 17 тамыздағы N 86 қаулысына сәйкес 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап қаулының күші жойылады (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) .

Экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыруды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы нұсқаулық бекітілсін, оның валюталық бақылау жөніндегі бағдарламалық қамтамасыз ету өндіріске енгізілгеннен кейін Басқарманың жеке қаулысымен қолданысқа енгізілетін осы Нұсқаулықтың 7-бөлімі мен N 7, 8, 15 және 16-қосымшаларынан басқасы және осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Кедендік бақылау агенттігі арасында ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін электронды арна бойынша шығыстар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне - 50% және Кедендік бақылау агенттігіне - 50% үлеспен тең бөлінетін болсын.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі және уәкілетті банктер арасында электрондық түрде экспорт-импорт валюта бақылау жөнінде ақпарат алмасу және есеп беру жүзеге асырылсын .

Ескерту: 2-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен .

3. Валюталық реттеу және бақылау басқармасы (Мәженова Б.М.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан

Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап жеті күндік мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Ақпарат технологиясы департаменті (Молчанов С.Н.) "Банктік сервис бюросы" шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорынмен (Шәймергенова Б.Ш.) бірлесіп Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі үшін валюталық бақылау бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеуді қамтамасыз етсін және оны 2002 жылғы 31 шілдеде өндірістік пайдалануға енгізсін. < * >

Ескерту: 4-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 575 қаулысымен, 2002 жылғы 3 маусымдағы N 203 қаулысымен, Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 574 бұйрығымен.

5. Осы қаулы мен Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы Нұсқаулық күшіне енгізілген күннен бастап:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 1998 жылғы 5 желтоқсандағы N 271 қаулысының ;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1998 жылғы 5 желтоқсандағы N 271 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы нұсқаулықтың күші жо й ы л д ы деп т а н ы л с ы н .

6. Халықаралық қатынас және жұртшылықпен байланыс басқармасы (Мартюшев Ю.А.) осы қаулыны және Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы Нұсқаулықты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т.Жанкелдинге жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Б ұ й р ы қ

Мемлекеттік

кіріс

министрлігі

2001 жылғы 10 қазан N 1409

Қазақстан Республикасында экспортты-импорттық валюталық бақылауды ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Экспортты-импорттық валюталық бақылау ұйымдастыруды жетілдіру
мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында экспорты-импорттық валюталық бақылауды ұйымдастыру туралы Нұсқаулық бекітілсін.

2. Кедендік бақылау агенттігі мен Ұлттық Банкі арасында ақпарат алмасумен қамтамасыз ететін байланыс электронды арнасы бойынша тең үлесте шығыстар бөлінсін: 50 % - Кедендік бақылау агенттігі және 50 % - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі және уәкілетті банктер арасында электрондық түрде экспорт-импорт валюта бақылау жөнінде ақпарат алмасу және есеп беру жүзеге асырылсын.

Ескерту: 2-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті:

қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ететін КААЖ жанындағы "Валюталық бақылау" жүйесін жетілдірумен қамтамасыз етсін; валюталық бақылау бойынша нормативтік құқықтық актілерді осы бұйрыққа сәйкестендірсін.

4. Осы бұйрықты бақылау Мемлекеттік кіріс вице-Министрі Н.Қ. Рахметовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен келісілген мерзімде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің жеке бұйрығымен қолданысқа енгізілетін, көрсетілген Нұсқаулықтың 7-бөлімі мен N 7, 8, 15, 16 қосымшаларын қоспағанда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу күнінен бастап он төрт күннің аяқталуы бойынша қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс министрінің
2001 жылғы 10 қазандағы

N 1409 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының

2001 жылғы 5 қыркүйектегі

№ 343 қаулысымен бекітілген

Келісілген:

Қазақстан

Республикасының

Қаржы

министрлігі

2001 жылғы 20 қыркүйек

**Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта
бақылауын ұйымдастыру туралы**

Ескерту: Барлық мәтін бойынша "Қазақстан Республикасының Кіріс министрлігі", "Қазақстан Республикасының Кіріс министрлігінің", "Қазақстан Республикасының Кіріс министрлігі Кеден комитетінің" және "Кеден комитеті" деген сөздер тиісінше "кеден ісінің мәселелері жөніндегі уәкілетті орган" және "кеден ісінің мәселелері жөніндегі уәкілетті органның" деген сөздермен және "120" деген сан "180" деген санмен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы № 484 қаулысымен және Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы № 9 бұйрығымен .

бүкіл мәтін бойынша:

"уәкілетті банк", "уәкілетті банктер", "уәкілетті банктің", "уәкілетті банкте", "уәкілетті банктерге", "уәкілетті банкке" деген сөздер тиісінше "мәміле паспортының банкі", "мәміле паспортының банктері", "мәміле паспорты банкінің", "мәміле паспортының банкінде", "мәміле паспортының банктеріне", "мәміле паспортының банкіне" деген сөздермен ауыстырылды;

"экспорт/импорт келісім-шарты бойынша", "экспорттық-импорттық келісім-шарттарды" деген сөздер тиісінше "экспорт немесе импорт бойынша мәміле", "экспорт немесе импорт бойынша мәмілелерді" деген сөздермен ауыстырылды;

"экспорттық келісім-шарт", "экспорттық келісім-шарттың" деген сөздер тиісінше "экспорт бойынша мәміле", "экспорт бойынша мәміленің" деген сөздермен ауыстырылды;

"экспорттық мәмілелерге" деген сөздер "экспорт бойынша мәмілелерге" деген сөздермен ауыстырылды;

"импорттық келісім-шартқа", "импорттық келісім-шарттың" деген сөздер тиісінше "импорт бойынша мәмілеге", "импорт бойынша мәміленің" деген сөздермен ауыстырылды;

"импорттық мәмілелерге" деген сөздер "импорт бойынша мәмілелерге" деген сөздермен ауыстырылды;

"сыртқы сауда келісім-шарттары", "сыртқы сауда келісім-шартты" деген сөздер тиісінше "экспорт немесе импорт бойынша мәмілелер", "экспорт немесе

импорт бойынша мәміле" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

Осы Нұсқаулық "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында тауарды экспорттаудан шетел валютасымен және теңгемен түсімнің толық және уақтылы түсуін (бұдан әрі - валюта түсімі), сондай-ақ шетел валютасымен және теңгемен валюта қаражатын тауарды импорттау мақсатына пайдаланудың заңдылығы мен негізділігіне экспорт-импорт валюта бақылауын (бұдан әрі - валюта бақылауы) жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

Ескерту: Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

1. Экспорт-импорт валюта бақылауының мақсаты және бағыттары

1. Валюта бақылауының мақсаты экспорттық түсімнің толық және уақтылы түсуін, сондай-ақ шетел валютасымен және теңгемен қаражатты импорт мақсатына пайдаланудың заңдылығын және негізділігін қамтамасыз ету болып табылады.

2. Валюта бақылауының негізгі бағыттары:

1) жүргізілетін экспорт-импорт валюта операцияларының заңға сәйкес келуін және/немесе қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген тиісті лицензияларын немесе тіркеу куәліктерінің және/немесе валюта операциялары туралы хабарлама туралы куәліктердің болуын анықтау;

2) төлемдердің негізділігін тексеру;

3) экспорт-импорт валюта операциялары жөніндегі есептің толық және дұрыс болуын тексеру .

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді- ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

3. Экспорттық түсім "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде түспеген жағдайда, экспортер резидент емеске Қазақстан Республикасының валюта заңнамасына сәйкес экспорт жасалған күннен бастап 180 (тауарлардың жекелеген тізбесі бойынша - 365) күннен астам мерзімге коммерциялық кредит беруге арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясын алу үшін уақтылы өтініш жасауы қажет .

Экспорттық түсім "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде не Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясында белгіленген мерзімдерде түспеген жағдайда, экспортер экспорттық түсімді алу немесе бұрын экспортталған тауарды қайтару үшін барлық шараларды қолдануы қажет.

Экспорттық түсімді экспортерлердің шетелдік банктердегі шоттарына есепке алуға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген лицензияға немесе тіркеу куәлігіне немесе валюта операциялары туралы хабарлама туралы куәлікке және "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының талаптарына сәйкес рұқсат етіледі.

Ескерту: 3-тармақ жаңа редакцияда жазылды- ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

4. Тауар "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде жеткізілмеген жағдайда импортер резидент емеске Қазақстан Республикасының валюта заңнамасына сәйкес аванстық төлем жасалған күннен бастап 180 күннен астам мерзімге коммерциялық кредит беруге арналған лицензиясын алу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне уақтылы өтініш жасауы қажет. Бұл ретте тауарды негізгі кедендік ресімдеу күні жеткізу күні болып табылады.

Тауар "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясында белгіленген мерзімдерде жеткізілмеген жағдайда, импортер аванстық төлемді қайтару немесе тауарды жеткізу үшін барлық шараларды қолдануы қажет.

Ескерту: 4-тармақ жаңа редакцияда жазылды- ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

5. Резидент пен резидент емес арасында мәмілелер паспорттары ресімделетін шетел валютасымен және теңгемен жүргізілетін операциялар бойынша жасалған төлемдер мен ақша аударымы тек олардың банктік есепшоттары арқылы жүзеге асырылады .

Карт-шоттарды пайдалану не банктік шотқа қолма-қол ақша енгізу арқылы мәмілелер паспорттары ресімделетін резиденттер мен резидент еместер арасындағы операциялар бойынша шетел валютасымен және теңгемен төлемдерді және аударымдарды жүзеге асыруға тыйым салынады.

Ескерту: 5-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 3 маусымдағы N 203 қаулысымен, Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 574 бұйрығымен , 2003 жылғы

26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен .

6. Сыртқы экономикалық келісім-шарттың әрқайсысы бойынша резиденттің есепшотын жүргізіп отыратын бір банк қол қоятын бір мәміле паспорты ресімделеді, оған кейіннен экспорт түсімі түсіп отыруға, не импорт бойынша төлем жасалып отыруға тиіс.

7. Резидент-субъектілердің экспорт-импорт операциялары бойынша сыртқы экономикалық қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кеден органдары, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тексеріп отырады.

Ескерту: 7-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен .

2. Негізгі ұғымдар

8. Тауарлардың экспортпен немесе импортпен (бұдан әрі - "тауар экспорты" және "тауар импорты") байланысты валюта операциялары бойынша құжаттарды ресімдеген кезде осы Нұсқаулықтың мақсаты үшін мынадай негізгі ұғымдар п а й д а л а н ы л а д ы :

кедендік органдар - уәкілетті органның облыстар (республикалық маңызы бар қалалар, астана) бойынша кеден ісі мәселелері жөніндегі аумақтық бөлімшелері, кедендер, белгіленген құзыреті шегінде кедендік постылар;

банк - банк операцияларын жүргізуге Қазақстан Республикасы қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның лицензиясы бар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын, экспортердің/импортердің есепшотына қызмет көрсететін банк (сондай-ақ оның филиалы), не Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес банк операцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органның бөлімшесі болып табылатын ұйым;

мәміле паспортының банкі - экспорт немесе импорт бойынша мәміленің паспортын ресімдейтін, экспорттық түсімнің түсуін және/немесе экспорт немесе импорт мәмілесі бойынша төлемдердің жүргізілуін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті банк (оның филиалы не есеп айырысу-касса бөлімі);

басқа банк - экспортердің/импортердің есепшоты ашылған, бірақ экспорт/импорт бойынша мәміле паспортын ресімдемеген банк;

банктің лауазымды қызметкерлері - банктің атынан валюта бақылауын жүргізу жөнінде мәміле паспортына қол қоюға және басқа іс-әрекет жасауға уәкілдік берілген банк қызметкерлері;

кеден органының лауазымды адамдары - кеден органының атынан валюта

бақылауын жүргізу жөнінде экспорт/импорт бойынша мәміле паспортына қол қоюға және басқа іс-әрекет жасауға уәкілеттік берілген кеден органының қызметкерлері;

экспорт/импорт бойынша мәміле паспортын салыстыру актісі - мәміле паспортының банкі және кеден органы жүргізген экспорт/импорт бойынша мәміле паспортын салыстырып тексеру нәтижелері бойынша ресімделген акт;

валюта бақылауының құжаттары:

экспорт/импорт бойынша мәміле паспорты және оған қосымша парақтар;

экспорт/импорт бойынша мәміле паспорты/мәміле паспортына қосымша парақтар ресімделетін не оның жабылуын реттейтін құжаттар (экспорт-импорт бойынша келісім-шарт және оған өзгерістер және/немесе толықтырулар, осы Нұсқаулықта көзделген басқа да келісім-шарттар, басқа да құжаттар);

мәміле паспортының банктері/кеден органдары жіберетін валюта бақылауына не оның жабылуына мәміле паспортының қабылданғаны туралы хабарламалар;

экспорт/импорт бойынша мәміле паспортын салыстырып тексеру актісі;

экспортер/импортер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясының және/немесе тіркеу куәлігінің және/немесе валюта операциялары туралы хабарлама туралы куәліктің көшірмесі;

экспорттық түсімнің түсуін/импорт бойынша төлемдердің жүргізілуін не олардың экспорт/импорт мәміле паспорты бойынша қайтарылғанын растайтын төлем құжаттарының көшірмелері;

экспортерлер/импортерлер беретін жүк кеден декларациялары, тауар-көлік құжаттары, есепшот фактуралары және т.б.;

мәміле паспортының банкінің жасалған төлемдер туралы кеден органдарына жіберетін хабарламалары, анықтамалары, басқа да құжаттары;

кеден органының Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарлардың нақты ауысуы туралы мәміле паспортының банкіне жіберетін хабарламалары, анықтамалары, басқа да құжаттары;

мәміле паспортының банкінің төлемдердің түскені туралы экспортердің/импортердің мекен-жайына жіберген хабарламалары;

мекен-жай бюросының экспортердің немесе импортердің басшыларының тұрғылықты жері туралы мәліметтер бар анықтамасы.

1) Экспорт бойынша:

экспортер - Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс жерлерге тауарлар сатуға (жеткізуге) келісім-шарт (шарт, келісім) жасаған Қазақстан Республикасының резиденті (заңды тұлға, оның филиалы, жеке кәсіпкер);

экспорт бойынша мәміленің паспорты - белгіленген нысандағы, валюта операциялары бойынша есепке алуды және есептілікті қамтамасыз етуге қажетті,

экспорт бойынша сыртқы экономикалық мәміле туралы мәліметтер көрсетілетін,
экспортер толтыратын құжат;

экспорт бойынша мәміле паспортының электронды көшірмесі - Қазақстан Республикасының Кіріс министрлігінің тиісті бұйрығымен бекітілген форматқа сәйкес жасалған мәміле паспортының электронды көшірмесі;

экспорттау күні - жүк кеден декларациясының "Д" бағанында көрсетілген экспорт режимімен тауар шығарылған күн;

экспорт жөніндегі құжаттар - кеден органы ресімдеген әрбір экспорт жөніндегі мәміле паспорты бойынша өз құзыреті шегінде кеден органы жүргізетін валюта бақылауының арнайы іріктелген құжаттары;

экспорт жөніндегі іс - мәміле паспортының банкі ресімдеген әрбір экспорт жөніндегі мәміле паспорты бойынша өз құзыреті шегінде мәміле паспортының банкі жүргізетін валюта бақылауының арнайы іріктелген құжаттары;

экспорт жөніндегі журнал - келіп түскен және жіберілген экспорт жөніндегі валюталық бақылау құжаттары үшін банк және сол сияқты кеден органы жүргізетін журнал;

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбе - экспорты бойынша төлем жасауды 365 күнтізбелік күнге дейін кейінге қалдыру үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы талап етілмейтін жекелеген тауарлардың Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбесі;

экспорт жөніндегі мәмілелердің паспортын тіркеу журналдары - экспорт жөніндегі мәмілелердің паспортына нөмір беру үшін кеден органдары жүргізетін журналдар;

2) И м п о р т б о й ы н ш а :

импортер - тауар сатып алуға және Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелуге келісім-шарт (шарт, келісім) жасаған Қазақстан Республикасының резиденті (заңды тұлға, оның филиалы, жеке кәсіпкер);

импорт бойынша мәміленің паспорты - белгіленген нысандағы, валюта операциялары бойынша есепке алуды және есептілікті қамтамасыз етуге қажетті, импорт бойынша сыртқы экономикалық мәміле туралы мәліметтер көрсетілетін, импортер толтыратын құжат;

импорт бойынша мәміле паспортының электронды көшірмесі (бұдан әрі - МП электронды көшірмесі) - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің тиісті бұйрығымен бекітілген форматқа сәйкес жасалған мәміле паспортының электронды көшірмесі;

импорттау күні - жүк кеден декларациясының "7" бағанында көрсетілген кедендік ресімдеуге жүк кеден декларациясын қабылдаған күн;

импорт жөніндегі құжаттар - кеден органы ресімдеген әрбір импорт жөніндегі мәміле паспорты бойынша өз құзыреті шегінде кеден органы жүргізетін валюта

бақылауының арнайы іріктелген құжаттары;

импорт жөніндегі іс - мәміле паспортының банкі ресімдеген әрбір импорт жөніндегі мәміле паспорты бойынша өз құзыреті шегінде мәміле паспортының банкі жүргізетін валюта бақылауының арнайы іріктелген құжаттары;

импорт жөніндегі журнал - келіп түскен және жіберілген импорт жөніндегі валюталық бақылау құжаттары үшін банк және сол сияқты кеден органы жүргізетін журнал;

импорт жөніндегі мәмілелердің паспортын тіркеу журналдары - импорт жөніндегі мәмілелердің паспортына нөмір беру үшін кеден органдары жүргізетін журналдар.

Ескерту: 8-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 3 маусымдағы N 203 қаулысымен, Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 574 бұйрығымен, 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен, ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

3. Мәміле паспортын ресімдеудің жалпы шарттары

8-1. Екінші деңгейдегі банктер есеп айырысу-касса бөлімдерінің сенімхат негізінде мәмілелер паспортын ресімдеу өкілеттігін айқындайды.

Банктердің есеп айырысу-касса бөлімдері мәмілелер паспортын ресімдеуді:

1) б а н к т і ң :

банк және оның филиалы (есеп айырысу-касса бөлімі) арасында клиентке банктік шот ашу және клиенттің тапсырмасы бойынша шот ашылған немесе төлем немесе ақша аудару жүргізілген операциялық күннен кешіктірмей жүргізілген төлемдер және аударымдар туралы ақпарат алмасуға;

осы Нұсқаулықта белгіленген тәртіппен банкке ұсынылған мәмілелер паспорттары бойынша тауарлардың нақты қозғалысы туралы ақпаратқа р ұ қ с а т т ы ң б о л у ы н а ;

мәміле паспортының банкі мәміле паспортын ресімдеген күннен кешіктірмей, тұтастай алғанда уәкілетті банк және/немесе оның филиалы, ресімделген мәмілелер паспорттары, оның ішінде есеп айырысу-касса бөлімдері бойынша жиынтық мәліметтердің болуына мүмкіндік беретін интеграцияланған автоматтандырылған ақпарат жүйесі;

2) есеп айырысу-касса бөлімдерінің мәмілелердің паспорттарын ресімдеу және клиенттердің тапсырмалары бойынша экспорт-импорт операцияларын жүргізу, банктердің мәміле паспортын ресімдеген есеп айырысу-касса бөлімдеріне мәміле паспорты бойынша тауарлардың нақты қозғалысы туралы ақпаратты жеткізу, сондай-ақ банктің бағалау тәуекелдерін басқару жүйесі

шеңберінде есеп айырысу-касса бөлімдерінің валюталық бақылау агенттерінің функцияларын жүзеге асыруына байланысты тәуекелдерді өлшеу, бақылау және мониторингін жүзеге асыру рәсімдерін реттейтін ішкі ережелер (бұдан әрі - ішкі ережелер) болған кезде жүзеге асырады.

Ішкі ережелермен сондай-ақ кеден органдарына осы Нұсқаулықтың 12 және 13-қосымшаларында белгіленген нысан бойынша хабарлар жіберу тәртібі р е т т е л е д і .

Ескерту: 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

9. Экспортер/импортер келісім-шарт жасалғаннан кейін, күні бұрын, тараптардың кез келгені (резидент немесе резидент емес) келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға кіріскенге дейін кеден органында және банкте мәміле паспортын ресімдеуге міндетті.

9 - 1 . < * >

Ескерту: 9-1-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

10. Экспортер/импортер келісім-шарт талаптарына (Қазақстан Республикасының аумағында тауардың кедендік ресімделуі аяқталғанға дейін немесе одан кейін төлем жасауға) қарамастан өз қызметі тіркелген аймақтағы кеден органында мәміле паспортын ресімдей бастайды.

11. Экспортер/импортер кеден органына мәміле паспортының үш данасын береді. Сонымен бірге экспортер/импортер экспорт жөніндегі мәміле паспортымен қоса кеден органына экспорт жөніндегі мәміле паспортын жасауға негіз болған келісім-шарттың түпнұсқасын және оның нотариат куәландырған көшірмесін және МП электронды көшірмесін, сондай-ақ мекен-жай бюросының экспортердің немесе импортердің басшыларының тұрғылықты жері туралы мәліметтер бар анықтамасын беруге міндетті. Экспорт/импорт бойынша құжаттар жасау үшін кеден органының жауапты адамы әзірлеген келісім-шарттың түпнұсқасы не оның нотариалды куәландырылған көшірмесімен бірге "көшірмені растаймын" деген жазумен және жеке нөмірлі мөрмен расталған к ө ш і р м е с і н п а й д а л а н а д ы .

Резидент еместермен факс не электрондық пошта бойынша келісім-шарт жасасқаннан кейін экспортер/импортер мәміле паспортын ресімдеген күннен бастап бір айдың ішінде келісім-шарттың түпнұсқасын не нотариат куәландырған көшірмесін беруді міндеттей отырып, оның мәміленің барлық қатысушысының қолдары және мөрлері бар факсимильдік не электрондық көшірмесін кеден органына беруге құқылы. Экспортер/импортер

келісім-шарттың түпнұсқасын не оның нотариат куәландырған көшірмесін бергеннен кейін кеден органының жауапты адамы экспорт-импорт бойынша мәміле паспорты жөніндегі істі жасау кезінде бұрын қабылданған мәміленің барлық қатысушысының қолдары және мөрлері бар факсимильдік не электрондық көшірмесімен салыстырып тексереді және бірдей болған жағдайда факсимильді келісім-шартты "көшірмесін растаймын" деген жазуымен және тиісті мөрмен растайды.

Экспортер немесе импортер осы тармақта көрсетілген мерзімде келісім-шарттың түпнұсқасын не оның нотариат куәландырған көшірмесін ұсынбаған не келісім-шарт түпнұсқасының мәміленің паспортын ресімдеу үшін ұсынылған көшірмесімен сәйкес келмеген жағдайда экспортер немесе импортер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік атқарады.

Экспортердің/импортердің экспорт/импорт жөніндегі мәміле паспортын ресімдеуінің нысаны мен тәртібі осы Нұсқаулықтың N 1 және N 2 қосымшаларында келтіріліп отыр.

Ескерту: 11-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

12. Кеден органының жауапты адамы құжатты өткізген күнді есептемегенде екі жұмыс күні ішінде берілген құжаттарды қарайды, мәміле паспорты деректерінің келісім-шарт талаптарына сәйкес келуін тексереді және мәміле паспортын ресімдеуден бас тартуға негіз болмаса, экспортер/импортер берген мәміле паспортының даналарына қол қояды және 3-1 және 4-1-қосымшаларының нысандары бойынша мәмілелердің паспортын тіркеу журналында көрсету арқылы мәміленің паспортына нөмір береді және күнін қояды.

Кеден органының жауапты адамы қол қойған, оның жеке нөмірлі мөрімен куәландырылған мәміле паспортының бірінші данасы экспортерге/импортерге қайтарылып, экспорт/импорт жөніндегі журналдың "шығыс" деген бағанында көрсетіледі. Экспорт/импорт жөніндегі журналдың нысаны осы Нұсқаулықтың N 3 және 4 қосымшаларында келтіріліп отыр.

Мәміле паспортының екінші данасы кеден органының экспорт/импорт жөнінде құжаттар ашуына негіз болады.

Кеден органы мәміле паспортының үшінші данасын ресімдеу күнінен кейінгі күннен кешіктірмей банкке жібереді, ол экспорт/импорт жөнінде іс ашуға негіз болады.

Ескерту: 12-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен.

12-1. Егер кеден ісінің мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес ең жоғары тәуекел санатына жатқызылған экспортердің/импортердің мәміле паспортында (мәміле паспортына қосымша парақта) экспорт бойынша ақы төленгенге дейін немесе импорт бойынша алдын ала ақы төленгенге дейін тауарларды кедендік ресімдеу көзделсе, онда мәміле паспортын (мәміле паспортына қосымша парақты) кеден органында ресімдеу бес күннен аспайтын мерзімге тоқтатыла тұрады. Көрсетілген мерзім ішінде кеден органы экспортерден/импортерден және өзге көздерден экспортер/импортер және мәміле паспорты туралы ақпаратты тексеру мақсатында қажетті құжаттарды және мәліметтерді сұратуға, сондай-ақ кеден және валюта заңдарында көзделген өзге де бақылау нысандарын қолдануға құқылы.

Кеден органы алған ақпараттың және мәміле паспортын (мәміле паспортының қосымша парағын) ресімдеу кезінде ұсынылған ақпараттың арасында айырмашылықтар фактілері анықталған кезде және/немесе экспортер/импортер сұратылған ақпаратты ұсынбаған кезде кеден органы барлық айырмашылықтар реттелгенге дейін мәміле паспортын (мәміле паспортының қосымша парағын) ресімдеуден бас тартуға құқылы.

Экспортерді/импортерді ең жоғары тәуекел санатына жатқызу олардың экспорт немесе импорт бойынша мәмілелерді жүзеге асыру құқығын шектеу үшін негіз болып табылуы мүмкін.

Ескерту: 12-1-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен, ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

13. Экспортер/импортер кеден органынан мәміле паспортының бір данасын алғаннан кейін тез арада банкке кеден органында ресімделген келісім-шарттың түпнұсқасын не нотариат куәландырған көшірмесін, мәміле паспортын және банктің талап етуі бойынша оның электронды көшірмесін беруге міндетті.

Резидент еместермен факс не электрондық пошта бойынша келісім-шарт жасасқаннан кейін экспортер/импортер мәміле паспортын ресімдеген күннен бастап бір айдың ішінде келісім-шарттың түпнұсқасын не нотариат куәландырған көшірмесін беруді міндеттей отырып, оның мәміленің барлық қатысушысының қолдары және мөрлері бар факсимильдік не электрондық көшірмесін банкке беруге құқылы. Экспортер/импортер келісім-шарттың түпнұсқасын не оның нотариат куәландырған көшірмесін бергеннен кейін банктің жауапты қызметкері экспорт-импорт бойынша мәміле паспорты жөніндегі істі ресімдеу кезінде бұрын қабылданған мәміленің барлық қатысушысының қолдары және мөрлері бар факсимильдік не электрондық

көшірмесімен салыстырып тексереді және бірдей болған жағдайда факсимильді келісім-шартты "көшірмесін растаймын" деген жазумен және тиісті мөрмен р а с т а й д ы .

Экспортер немесе импортер осы тармақта көрсетілген мерзімде келісім-шарттың түпнұсқасын не оның нотариат куәландырған көшірмесін ұсынбаған не келісім-шарт түпнұсқасының мәміленің паспортын ресімдеу үшін ұсынылған көшірмесімен сәйкес келмеген жағдайда экспортер немесе импортер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік атқарады.

Ескерту: 13-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

14. Банктің жауапты қызметкері құжаттарды өткізген күнді есептемегенде екі жұмыс күні ішінде экспортер/импортер берген құжаттарды қарайды (экспортердің/импортердің есепшотының бар-жоғын, экспорт/импорт мәміле паспортындағы қойылған қолдар мен мөрлердің экспортердің/импортердің есепшоттары бойынша бірінші болып қол қою құқығы бар адамдардың қойған қолдары мен мөрлерінің үлгілері бар құжаттағы қолдың үлгісіне сәйкес келуін, кеден органынан келіп түскен мәміле паспортындағы деректердің экспортер/импортер берген мәміле паспортына сәйкес келуін тексереді). Мәміле паспортын ресімдеуде алшақтық жоқ болып, оны ресімдеуден бас тартарлық негіз болмаса, банктің жауапты қызметкері экспортер/импортер берген және кеден органы берген мәміле паспортының данасына қол қойып, мөр басады да оны экспортерге /импортерге қайтарып береді, осыдан кейін бір данасын экспортерге/импортерге қайтарады әрі экспорт/импорт бойынша іс ашады және келесі жұмыс күнінен кешіктірмей кеден органына мәміле паспортының валюталық бақылауға алынғанын растайтын тиісті хабарлама жібереді. Жауапты қызметкер банк мәліметтері базасына мәміле паспортының деректері туралы ақпарат енгізеді.

Берілген құжаттарда алшақтықтар болған жағдайда не мәміле паспортын ресімдеуден бас тарту үшін негіздемелер бар болса банк келесі жұмыс күнінен кешіктірмей кеден органына мұндай факті жөнінде жазбаша хабарлайды және мәміле паспортын ресімдеуге қабылдамайды. Хабарлау нысаны еркін жазылады.

15. Кеден органы мәміле паспортының валюта бақылауына қабылдау туралы банктің хабарламасын алғаннан кейін деректер базасына ақпарат енгізеді, кеден заңдарына сәйкес осы мәміле паспорты бойынша тауарларды кедендік ресімдеуден өткізеді. (*РҚАО-ның сілтемесі:* қараңыз)

Кеден органы мәміле паспортының валюта бақылауына қабылданбағаны туралы банктің хабарламасын алған жағдайда бұл мәміле паспортын ресімдеуге қабылдамайды.

16. Мына төмендегі шарттардың тіпті біреуін орындамаған болса кеден органы және/немесе банк үшін мәміле паспортына қол қоюдан бас тартуға негіз болады :

1) келісім-шарттағы деректер экспорт жөніндегі мәміле паспортында көрсетілген мәліметтерге сәйкес келмесе;

2) келісім-шартта Қазақстан Республикасы валюта заңдарының талаптарына қайшы келетін талаптар болса;

3) мәміле паспорты белгіленген талаптарды бұза отырып ресімделсе;

4) келісім-шартта осы Нұсқаулықта белгіленген тәртіппен "Келісім-шарттың деректемелері мен шарттары" бөліміне сәйкес (N 1 және 2 қосымшалар) мәміле паспортын ресімдеуге қажетті қандай да бір мәліметтер болмаса;

5) төлем нысаны ретінде құжаттамалық аккредитив көзделген немесе резидент еместің міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету ретінде банктік кепілдік берілген жағдайларды қоспағанда келісім-шартта тауарды Қазақстан Республикасының аумағынан әкеткеннен кейін ол төленбеген жағдайда, экспорт бойынша мәміле бойынша тиелген тауарды қайтарудың нақты мерзімін белгілейтін талаптардың келісім-шартта болмаса;

6) төлем нысаны ретінде құжаттамалық аккредитив көзделген немесе банктік кепілдік берілген жағдайларды қоспағанда келісім-шартта тауарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелгенге дейін төлем жасау көзделген жағдайда, тауарды жеткізбеген кезде импортталатын тауарға төлем жасауға аударылған ақшаны қайтарудың нақты мерзімін белгілейтін талаптардың келісім-шартта болмаса ;

7) экспортердің/импортердің қойған қолдары және мөрлері экспортердің/импортердің есепшоты бойынша бірінші қол қою құқығы бар адамдардың қолдарының үлгілерімен бірге құжаттағы қол қою және мөрдің үлгілерімен сәйкес келмесе, сондай-ақ экспортердің/импортердің есепшоты болмаса;

8) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясының және/немесе тіркеу куәлігінің болу талабы "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайда ол болмаса.

Ескерту: 16-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 3 маусымдағы N 203 қаулысымен, Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 574 бұйрығымен , ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

17. Мәміле паспортына қол қоюдан дәлелді бас тартқан кезде кеден органы немесе банк экспортерге/импортерге ол берген құжаттарды қайтарады және/немесе оған мәміле паспортын ресімдеу және/немесе келісім-шарт талаптарына

тиісті өзгерістер енгізу не мәміле паспортын ресімдегенге дейін заңның басқа талаптарын орындау жөнінде ұсыныстар береді.

Экспортердің/импортердің талабы бойынша кеден органы немесе банк одан бас тартатыны жөнінде және жоғарыда көрсетілген ұсыныстарды жазбаша беруге міндетті.

18. Мәміле паспортына қол қойғанда:

Э к с п о р т е р :

1) экспорт бойынша мәміле паспортында келтірілген мәліметтердің экспорт бойынша осы мәміле паспорты негізінде жасалған келісім-шарт талаптарына т о л ы қ с ә й к е с к е л у і н е ;

2) осы Нұсқаулықтың 62-тармағында белгіленген талаптардың орындалуына жауап беретін болады.

И м п о р т е р :

1) импорт бойынша мәміле паспортында келтірілген мәліметтердің импорт бойынша осы мәміле паспорты негізінде жасалған келісім-шарт талаптарына т о л ы қ с ә й к е с к е л у і н е ;

2) осы Нұсқаулықтың 62-тармағында белгіленген талаптардың орындалуына жауап беретін болады.

19. Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі келгенде экспортер/импортер кеден органы мен мәміле паспортының банкі қол қойып, мөр қойып куәландырылған мәміле паспортының бір данасын және басқа қажетті құжаттарды тікелей кеден органына (тауарды кедендік ресімдегенде) не мәміле паспортының банкіне (төлем жасағанда) көрсетеді.

20. Импортер импорт бойынша мәмілеге төлем жасау үшін төлем құжаттарын импорт бойынша мәміле паспорты мен шетелдік әріптеспен жасалған келісім-шарт негізінде ресімдейді.

21. Банктік төлем құжаттарына енгізілген деректерді банк импорт жөніндегі мәміле паспортының және келісім-шарттың деректерімен салыстырып тексереді.

22. Импорт бойынша мәміле паспортындағы, келісім-шарттағы және төлем құжатындағы мәліметтер сәйкес келген жағдайда банктің жауапты қызметкері импорт бойынша келісім-шартқа төлем жасау үшін банктік құжатқа рұқсат визасын қояды.

23. Егер ресімделінетін экспорт немесе импорт бойынша мәміле 180 күнтізбелік күннен асатын мерзімдерде есеп айырысуды жүзеге асыруды көздейтін болса, экспортер/импортер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес мәміле паспортын ресімдегенге дейін көшірмелері мәміле паспортының міндетті қосымшалары болып табылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тиісті лицензиясын және/немесе тіркеу

куәлігін және/немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген валюта операциялары туралы хабарлама туралы куәлігін алуға міндетті.

Ескерту: 23-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен, ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

24. Тараптар осы келісім-шарт бойынша кеден органы және мәміле паспортының банкі қол қойған мәміле паспортын жасаған кезде бұрын пайдаланылған мәліметтерге қатысты қозғайтын өзгерістер немесе толықтырулар енгізген жағдайда, сондай-ақ осы Нұсқаулықтың 47 және 76-тармақтарында көзделген талаптарды ескере отырып талап ету құқықтарын беруге келісуді, борышты аударуды немесе міндеттемелерді өзара есептеуді көздейтін басқа да келісім-шарттар (бұдан әрі - басқа келісім-шарттар) жасаған жағдайда, экспортер /импортер төлем жасайтын күннен немесе келісім-шартқа енгізілген өзгерістер және/немесе толықтырулар және басқа келісім-шарттар негізінде тауарды кедендік ресімдеуге ұсынған күннен кешіктірмей кеден органына және мәміле п а с п о р т ы н ы ң б а н к і н е :

1) келісім-шартқа толықтыруларды және/немесе өзгерістерді (мұндай өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуді растайтын басқа да құжаттарды) н е б а с қ а к е л і с і м - ш а р т т а р д ы ;

2) мәміле паспортының нысаны бойынша, бірақ тек қана мәліметтері анықталуға тиіс бағандарды (позицияларды) толтыра отырып жасалатын мәміле паспортына қосымша парақтарды ұсынады.

Мәміле паспортына қосымша парақтарды одан әрі ресімдеу мен пайдалану мәміле паспорты үшін көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

25. Келісім-шартта резиденттер және резидент еместер арасындағы жазбаша хат негізінде келісім-шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастыратын талаптар бар болса, кеден органы осы хат негізінде мәміле паспортына қосымша парақ ресімдеуге міндетті.

26. Экспортер/импортер келісім-шартқа өзгерісті және/немесе толықтыруды не осы Нұсқаулықтың 25-тармағында көзделген жазбаша хатты осы Нұсқаулықтың 11 және 13-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес кеден органына және мәміле паспортының банкіне тапсырады.

26-1. Егер мәмілені орындау барысында экспортер/импортер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясын және/немесе тіркеу куәлігін және/немесе валюта операциялары туралы хабарлама туралы куәлігін алса, онда ол мәміле паспортына қосымша парақты ресімдеумен бір мезгілде лицензиясының және/немесе тіркеу куәлігінің және/немесе валюта операциялары туралы

хабарлама туралы куәлігінің түпнұсқасын және көшірмесін кеден органына және мәміле паспортының банкіне ұсынуға міндетті. Лицензияның және/немесе тіркеу куәлігінің және/немесе валюта операциялары туралы хабарлама туралы куәлігінің көшірмесі кеден органында және мәміле паспортының банкінде қ а л а д ы .

Егер осы Нұсқаулыққа сәйкес мәміле паспортына қосымша парақ ресімдеу талап етілмеген жағдайда, кеден органы және мәміле паспортының банкі мәміле паспортының өз даналарының "Банктің, кеден органының ерекше белгілері" тарауына және экспортердің/импортердің данасына Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясының және/немесе тіркеу куәлігінің және/немесе валюта операциялары туралы хабарлама туралы куәлігінің болуы және деректемелері туралы белгі енгізеді.

Ескерту: 26-1-тармақпен толықтырылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен , ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

26-2. Экспортер немесе импортер кеден органында және мәміле паспортының банкінде осы Нұсқаулықтың 46 және 47-тармақтарында көзделген тәртіппен мәміле паспортын жабады .

Ескерту: 26-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

27. Мәміле паспортының банкі/кеден органы құжаттардың түсуіне қарай валюталық бақылау құжаттарынан құралатын әрбір мәміле паспорты бойынша іс /құжаттар жүргізуге міндетті.

Экспорт/импорт жөніндегі досьеде валюталық бақылау құжаттарымен қатар резидентті мемлекеттік тіркеу немесе есепке алып тіркеу туралы куәліктің көшірмесі, заңды тұлға экспортердің/импортердің жарғысының немесе оның филиалы туралы ереженің көшірмесі, жеке тұлға экспортердің/импортердің жеке куәлігінің көшірмесі, мәміле паспортын ресімдейтін тұлғаға берілген сенімхат болуы тиіс. Көрсетілген құжаттарға өзгерістер енгізілген жағдайларды қоспағанда, өзге де мәміле паспорттарын ресімдеу үшін осы құжаттарды бір кеден органына қайтадан ұсыну талап етілмейді.

Ескерту: 27-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен .

28. Мәміле паспортының банкі кеден органынан келіп түскен мәмілелер паспорттарын және/немесе экспорт немесе импорт бойынша паспортқа қосымша

парақтарды, салыстыру актілерін және кеден органдарына жіберілген хабарламаларды есепке алу үшін осы Нұсқаулықтың 3 және 4-қосымшаларында белгіленген нысан бойынша экспорт немесе импорт жөніндегі журналды жүргізеді.

Егер банкте (оның филиалында) әр түрлі жерде орналасқан бірнеше операция залы (есеп айырысу-касса бөлімдері) бар болған жағдайда, әрбір операция залы (есеп айырысу-касса бөлімі) үшін экспорт немесе импорт жөніндегі бірнеше журнал жүргізуге рұқсат етіледі. Күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін банктердің есеп айырысу-касса бөлімдері келіп түскен және жіберілген валюта бақылау құжаттарын тіркеуге арналған, аяқталған журналдарды банктің не әкімшілік-аумақтық бірлік (облыс) шегінде есеп айырысу-касса бөлімі құрылған филиалдың мұрағатына тапсырады. Журналдар аяқталған күннен бастап 5 (бес) жыл бойы сақталады.

Ескерту: 28-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

3-1. Тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін жекелеген тауарлардың экспорты жөніндегі мәміле паспортын ресімдеудің ерекшеліктері

Ескерту: 3-1-тараумен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен, күшіне енеді.

28-1. Тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін жекелеген тауарлардың экспорты жөніндегі мәміле паспорты (бұдан әрі - жекелеген тауарлардың экспорты жөніндегі мәміле паспорты) осы тарауда белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып осы Нұсқаулықтың 3, 9-тарауларында және 1-қосымшасында белгіленген нысанда және тәртіппен ресімделеді.

Жекелеген тауарлардың экспорты жөніндегі мәміле паспортымен бір мезгілде экспорт жөніндегі мәміле паспортын ресімдеу және қол қою үшін белгіленген тәртіппен ресімделетін, экспортер, кеден органының лауазымды тұлғасы, банктің жауапты қызметкері қол қоятын экспортталатын тауарлар тізімі жекелеген тауарлардың экспорты жөніндегі мәміле паспортының ажырамас қосымшасы болып табылады.

Егер жекелеген тауардың экспортына тауарлардың кедендік құнына кіретін қызметтер көрсетілсе, онда оларға осы тараудың нормалары қолданылады.

28-2. Жекелеген тауарлардың экспорты жөніндегі келісім-шартта Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбеге енгізілген тауарлардың ғана экспорты көзделуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбеге енгізілген жекелеген тауарлардың экспорты жөніндегі келісім-шартта осы Нұсқаулықта белгіленген өзге талаптармен қатар :

1) Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының кодтарына сәйкес тауарларды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбеге сай нақтылау дәрежесімен бірегейлендіруге мүмкіндік беретін толық ерекше нұсқамасы ;

2) < * > .

Ескерту: 28-2-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

28-3. Жекелеген тауарлардың экспорты жөніндегі келісім-шарттың осы Нұсқаулықтың 16 және 28-2-тармақтарының талаптарына сәйкес келмеуі кеден органы және/немесе банк үшін жекелеген тауарлардың экспорты жөніндегі мәміле паспортына қол қоюдан бас тарту үшін негіз болып табылады.

28-4. Егер осы Нұсқаулықтың 3 және 9-тарауларының талаптарына сәйкес келетін келісім-шарт осы Нұсқаулықтың 28-2-тармағына сәйкес келмесе экспортер тауарлар экспортталған күннен бастап 180 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясында белгіленген өзге мерзімде түсімді қайтару режимін қолдана отырып жалпы негіздермен мәміле паспортын ресімдеуге құқылы.

28-5. Мәміленің паспорты ресімделген күннен бастап бір ай ішінде келісім-шарттың түпнұсқасын не нотариат куәландырған көшірмесін міндетті түрде ұсына отырып жекелеген тауарлардың экспорты жөніндегі мәміле паспортын ресімдеуге келісім-шарттың факсимильдік көшірмесін ұсынуға рұқсат етіледі. Экспортер келісім-шарттың түпнұсқасын не нотариат куәландырған көшірмесін ұсынғаннан кейін кеден органының/банктің лауазымды/жауапты тұлғасы жекелеген тауарлардың экспорты жөніндегі мәміле паспортын ресімдеу кезінде бұрын қабылданған факсимильдік көшірмемен салыстыруды жүзеге асырады және олар сәйкес келген жағдайда келісім-шарттың факсимильдік көшірмесін "көшірме дұрыс" жазбамен және нөмірлі жеке мөрмен куәландырады .

Түпнұсқа мәтіні және оның факсимильдік көшірмесімен сәйкес келмеген жағдайда кеден орган/банк осы факт бойынша ақпаратты құқық қорғау органдарына жібереді.

28-6. Кеден органының лауазымды тұлғасы осы Нұсқаулықта белгіленген кеден органында мәміле паспортын ресімдеу рәсімдеріне қосымша ретінде

экспортталатын тауарлардың Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы кодтарының ерекше нұсқамасында дұрыс көрсетілуін, олардың Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбеге сәйкестігін тексереді.

28-7. Егер ресімделетін экспорт бойынша мәміледе жекелеген тауарлар экспортталған күннен бастап 365 күннен асатын мерзімде экспорттық түсімнің түсуі көзделген жағдайда, экспортер мәміле паспорты ресімделгенге дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тиісті лицензиясын алуға міндетті, оның көшірмесі мәміле паспортының міндетті қосымшасы болып т а б ы л а д ы .

Мұндай жағдайларда кеден органы тиісті өтінішті және келісім-шарт ұсынылған (ескертулер жойылған) күннен бастап бес күндік мерзімде лицензия алу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұсыну үшін экспортерге келісім-шарттың және онда көзделген экспортталатын тауарлар тізбесінің осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкестігі туралы анықтама және жекелеген тауарлардың Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбесін береді. Анықтамаға кеден органының басшысы (басшысының орынбасары) қол қоюы т и і с .

Ескерту: 28-7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

28-8. Кеден органдары және мәміле паспортының банктері осы Нұсқаулықтың 20-қосымшасында белгіленген нысан бойынша жекелеген тауарлардың экспорты жөніндегі жекелеген журналдарды жүргізеді.

28-9. Егер нақты экспортталатын тауар жекелеген тауарларды экспорттау жөніндегі мәміленің паспортында көрсетілгенге және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбесіне сәйкес келмесе, кеден органы экспортталатын тауарды кедендік ресімдеуден бас тартады.

28-10. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбеден тауарлар тобы (бұдан әрі - алынып тасталған тауарлар) алынып тасталған жағдайда жекелеген тауарлар бойынша мәміле паспортын ресімдеуші экспортер алынып тасталған тауарлар экспортын көздейтін келісім-шартта Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбеге өзгерістерді жариялағаннан кейін, олар күшіне енгенге дейін кеден органына және мәміле паспортының банкіне мәміле паспорты бойынша бұдан әрі валюталық бақылауды жүзеге асырудың мынадай нұсқаларының біреуін таңдап алып, мәміле паспортына қосымша парақ ресімдеу үшін өтініш ж а с а й д ы :

1) "А" нұсқасы - экспортер мәміле паспорты бойынша барлық операцияларды бұрынғы режиммен (алынып тасталған тауарлардың бұдан әрі экспортын қоса

алғанда) мәміле паспортының және келісім-шарттың жалпы сомасын өсірмей, тауарларды жеткізу мерзімін ұзартпай (келісім-шартта тауарлардың соңғы тобын жеткізу мерзімі көзделмесе, оның орнына мәміле паспортында көрсетілген соңғы күн қабылданады) және экспортталатын тауарлар тізбесін өзгертпей аяқтайды. Бұл жағдайда мәміле паспортына қосымша парақта "Ерекше белгілер" бөлімінде: "А" нұсқасы бойынша бақылау", шығарылған тауарлардың Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы кодтары, тауарлар экспортының соңғы мерзімі - _____ көрсетіледі";

2) "В" нұсқасы - экспортер белгіленген мерзімде бұрын экспортталған алынып тасталған тауарлар үшін есеп айырысуды аяқтағанда шаралар қабылдауға және келісім-шартқа осы келісім-шарт бойынша алынып тасталған тауарлар экспортын тоқтатуды көздейтін өзгерістер енгізуге міндетті. Мұндайда мәміле паспорты бойынша қалған операциялар бұрынғы режиммен жүргізіледі. Бұл жағдайда мәміле паспортына қосымша парақта "Ерекше белгілер" бөлімінде: "Б" нұсқасы бойынша бақылау", шығарылған тауарлардың Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы кодтары, алынып тасталған тауарлар экспорты үшін соңғы төлем күні - _____ көрсетіледі.

4. Экспорт түсіміне және шетел валютасымен және теңгемен түскен қаражаттың импорт мақсатына пайдаланылуына бақылау жасау

29. Мәміле паспортының банкі экспортердің банктік есепшотына экспорт түсімін есептеуді және импорт мақсатына төлемдер жасауды осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес мәміле паспортын ресімдегеннен кейін ғана жүзеге асырады.

30. Экспортер/импортер түскен сомаларды бірегейлендіруді жеңілдету мақсатында шетелдік төлем жасаушыға экспортердің/импортердің пайдасына ақша аудару үшін төлем құжатында келісім-шарт деректемелері мен мәміле паспортының нөмірін көрсету қажеттігін хабарлайды.

Мәміле паспортының банкінің нақты түскен ақшаны мәміле паспортына енгізуі үшін банкаралық құжатта қажетті деректер болмаған жағдайда, мәміле паспортының банкі оларды ішкі банктік шотқа аударды және сонымен қатар бірегейлендіруге болмайтын осындай түсімдер туралы экспортерге/импортерге хабарлайды. Экспортер/импортер мәміле паспортының банкінің жазбаша хабарламасын алғаннан кейін, мәміле паспортының банкіне келісім-шарт деректемелері мен мәміле паспортының нөмірін көрсете отырып, түскен соманың сипаты туралы жазбаша хабарлауға, ал егер осы келісім-шарт бойынша ақша басқа банкке түссе, басқа банкке де мәміле паспортының банкіндегі өзінің банктік есепшотына түскен ақшаны толық сомада аударуға тапсырма беруге міндетті. Экспортер/импортер тапсырмамен қоса басқа банк үшін аударымды

жүзеге асыруға негіздеме болатын аударым өтінішімен бірге мәміле паспортының мәміле паспортының банкі куәландырған данасын береді.

Ішкі банктік шотқа түскен және ол бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясын/тіркеу куәлігін алу немесе бенефициар-экспортердің/импортердің валюта заңдарында көзделген қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсыну бойынша өзге де іс-әрекеттерді орындауын талап ететін нақты мәміле паспорты бойынша бірегейлендірілген ақша олар барлық қажетті іс-әрекеттерді орындағаннан кейін экспортердің/импортердің шотына есептеледі.

Экспортердің/импортердің жазбаша келісімі болған жағдайда мәміле паспортының банкі экспортердің/импортердің банктік есепшотынан мәміле паспорты бойынша ақша алуға және олар бірегейлендірілгенге дейін транзиттік есепшотқа есепке алуға құқылы.

Егер 180 күнтізбелік күн ішінде түскен ақша нақты мәміле паспорты бойынша бірегейлендірілмесе немесе экспортер/импортер валюта заңдарында көзделген қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсыну бойынша өзге де іс-әрекеттерді орындамаса мәміле паспортының банкі мұндай нұсқауды жіберушіге орындамай қайтаруға міндетті.

Ескерту: 30-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен .

31. Келісім-шарт валютасы мен мәміле паспорты бойынша төлем валютасы сәйкес келмеген кезде есеп айырысу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес төлем күнгі айқындалған рыноктық валюта айырбастау бағамы, не төлем күнгі көрсетілген бағамдар негізінде кросс-бағам арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес айқындалған рыноктық валюта айырбастау бағамымен немесе көрсетілген бағамдар негізінде есептелген кросс-бағамдардың, не осы тармаққа сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кеден органына хабарлаған бағаммен 5 проценттен аспайтын шектегі айырмашылыққа жол беріледі.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес рыноктық валюта айырбастау бағамы айқындалмайтын валютамен келісім-шарт жасалған жағдайда қайта есептеу экспортерге/импортерге мәміле паспортының банкі хабарлайтын " REUTERS" ақпараттық агенттігі арналары бойынша алынған төлем жасау күнгі осы валютаның АҚШ долларына ағымдағы рыноктық бағамы бойынша (сұраныс белгілеу) жүзеге асырылады. Осыдан кейін теңгемен қайта есептеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес айқындалған теңгенің АҚШ долларына рыноктық бағамы бойынша жүзеге асырылады.

Даулы жағдайларда, кеден органы ұсынылған есептеуді негізсіз деп таныған

кезде кеден органы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес валюта айырбастаудың рыноктық бағамы айқындалатын кез келген валюта бағамына төлем жасау күнгі осы валютаның нақты рыноктық бағамы туралы ақпарат ұсынуын сұрап жазбаша өтініш жібереді . Кеден органы алынған ақпарат негізінде экспорт бойынша төлем валютасымен нақты түскен соманы немесе импорт бойынша нақты түскен тауарды шетелдік валютаның теңгеге кросс-бағамы арқылы қайта санайды, бұл туралы экспортерге /импортерге жазбаша хабарлайды және экспорт/импорт бойынша досьеге тиісті б е л г і ж а с а й д ы .

Ескерту: 31-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен .

32. Егер мәміле паспорты бойынша төлем валютасы нақты төлем валютасымен сәйкес келмесе, мәміле паспортының банкі экспортердің/импортердің банктік шотына ақша есептелгенге дейін экспортермен/импортермен келісілген бағам бойынша келісім-шарттың талаптарында көзделген валютамен түскен ақшаны оның келісімімен айырбастауға құқылы.

Экспортер/импортер аталған айырбастау жүргізуден бас тартқан жағдайда экспортер/импортер экспорт/импорт бойынша мәміле паспортына қосымша парақты ресімдеуге және қажетті түсіндірулермен бірге жаңа төлем валютасына келісім-шарт валютасы бағамның есебін кеден органына ұсынуға міндетті. Кеден органы келісім-шарт талаптарына сәйкес болуы және осы Нұсқаулықтың 31-тармағының талаптарын ескере отырып есептеуге пайдаланылған бағамның шынайылығын тексереді, есептеуді негізді деп таныған жағдайда келісім-шарт валютасымен ақшаның/тауардың түсуін/қайтарылуын есепке алады.

Ескерту: 32-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен .

33. Экспорттық түсім мәміле паспортының банкіне "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясында белгіленген мерзімдерде түспеген жағдайларда, экспортер экспорттық түсімнің осы түсу мерзімдері аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде кеден органына растау құжаттарының көшірмелерін қоса бере отырып экспорттық түсімнің түспеу себептері туралы ж а з б а ш а тү с і н і к б е р у і қ а ж е т .

Ескерту: 33-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

34. Импорт бойынша тауар "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясында белгіленген мерзімдерде түспеген жағдайларда, импортер импорт бойынша тауарлардың түсу мерзімдері аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде кеден органына растау құжаттарының көшірмелерін қоса бере отырып импорт бойынша тауардың түспеу себептері туралы жазбаша түсінік беруі қажет.

Ескерту: 34-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

35. Импортер түскен тауарларды бірегейлендіруді жеңілдету мақсатында жабдықтаушыға импортердің мекен-жайына жіберілетін және оның пайдасына тауарлар тиеліп жіберілгенін растайтын ілеспе құжаттарда келісім-шарт деректемелерін және осы келісім-шарт бойынша ресімделген мәміле паспортының нөмірін көрсету қажеттігі туралы хабарлайды.

36. Экспорттық түсім "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясында белгіленген мерзімдерде түспеген немесе толық түспеген жағдайда, кеден органы жөнсіздік фактісін растайтын құжаттар болған кезде, әкімшілік құқық бұзушылық белгілер бойынша тиісті ақпаратты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, ал қылмыстық жазалау іс-әрекет белгілері бойынша тиісті ақпаратты құқық қорғау органдарына жібереді.

Ескерту: 36-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

37. Кедендік шекара арқылы тауарлардың орын ауыстыруы көзделетін мәміле бойынша импорт бойынша тауар не аванстық төлем "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясында белгіленген мерзімдерде түспеген немесе толық түспеген жағдайда, кеден органы импортерді Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тарту туралы мәселені дербес қарайды және істелген жұмыс туралы мәліметтерді кейіннен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жиынтық мәліметтерді беру үшін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті о р г а н ғ а ж і б е р е д і .

Қылмыстық жазалау іс-әрекет белгілері бар құқық бұзушылықтар бойынша

тиісті ақпаратты кеден органы құқық қорғау органдарына жібереді.

Ескерту: 37-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

38. Мәміле паспортының банкі валюталық бақылау агентінің осы Нұсқаулықта көзделген міндеттерін дұрыс атқармау фактілерін анықтаған жағдайда, кеден органы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес санкциялар қолдану үшін кеден ісінің мәселелері жөніндегі уәкілетті органның және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің атына тиісті ақпарат жіберуге м і н д е т т і . < * >

Ескерту: 38-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 3 маусымдағы N 203 қаулысымен, Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 574 бұйрығымен .

3 9 . < * >

Ескерту: 39-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

40. Егер экспортер/импортер тауарды өзі тіркелген жерге емес, басқа жерге жіберсе/басқа жерден алса, мәміле паспортын ресімдеу кеден органында, өзі тіркелген қызмет аймағында жүзеге асырылады. Сонымен бірге мәміле паспортының "ерекше белгілер" бағанында келісім-шарт бойынша тауардың кедендік ресімдеу орны көрсетіледі. Тауар кеден заңдарында белгіленген талаптарға сәйкес кедендік ресімдеуден өткізіледі.

Экспортердің/импортердің тіркелген орны бойынша кеден органының мөрімен куәландырылған мәміле паспортының көшірмесі тауар ресімдеу орны бойынша кеден органына жіберіледі. Кеден органы тауар ресімдеу орны бойынша валюталық бақылау мақсатында экспорт/импорт бойынша тауардың жылжуы туралы ақпаратты мәміле паспортын ресімдеген кеден органына жіберуге м і н д е т т і .

Ескерту: 40-тармақ толықтырылды, өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 3 маусымдағы N 203 қаулысымен, Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 574 бұйрығымен .

5. Қазақстан Республикасындағы экспорт-импорт операцияларына бақылау жасау ісін техникалық жағынан қамтамасыз ету

41. Осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес ресімделетін құжаттардағы мәліметтер банктер үшін банктік құпия, ал кеден органы үшін - қызмет бабында пайдалануға арналған ақпарат болып табылады. Банктер мен кеден органдары осы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

42. Кеден органының жазбаша келісімімен және мәміле паспортының банктері кеден органымен бірлесе отырып құжаттарды сақтауды және іркіліссіз жеткізуді қамтамасыз ететін іс-шаралар жасайтын болса, мәміле паспортының банктері мен кеден органдары құжаттарды электронды алмасуға көше алады.

43. Атауы мен почталық мекен-жайын өзгерткен банктер:

1) осы өзгерістер әділет органдарында тіркелген күннен бастап 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалына және осы банк валюталық бақылауға қабылдап алған, экспорт/импорт жөніндегі мәмілелер паспортын ресімдеген Қазақстан Республикасының кеден органдарына жеделхат арқылы хабар беруге;

2) осындай өзгерістерді әділет органдарында тіркеген күннен бастап 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей мәміле паспорты валюталық бақылауға қабылданған экспортерлерге/импортерлерге мәміле паспортының банкінің жаңа деректемелерін мәміле паспорттарының "Банктің, кеден органының ерекше белгілері" бөлімінде көрсету үшін банкке мәміле паспортының бірінші данасын ұсыну қажеттігі туралы хабарлауға; <*>

3) кеден органдарынан, экспортерлерден және импортерлерден олардың бұрынғы мекен-жайына немесе бұрынғы атауына түскен хат-хабарларды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және кеден органына осындай ақпаратты жіберген уақыттан бастап 30 күнтізбелік күн ішінде қабылдауды қамтамасыз етуге міндетті.

Кеден органы мәміле паспортының банкінің жоғарыда аталған ақпараты негізінде мәміле паспортының банкі оны жіберген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде тауарды кедендік ресімдеуге мәміле паспортының бұрынғы атауымен және почталық мекен-жайымен қабылдайды.

Ескерту: 43-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 3 маусымдағы N 203 қаулысымен, Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 574 бұйрығымен .

44. Экспортер/импортер тіркелген қызмет аймағында қызмет көрсететін мәміле паспортының банкі және/немесе кеден органы өзгерген жағдайда, экспортер/импортер экспорт/импорт жөніндегі мәміле паспортын жабуға міндетті және үш жұмыс күні ішінде кеден органына экспорт/импорт жөніндегі жаңа мәміле паспортын ресімдеуге ұсынады, ол оны ресімдеп, осы Нұсқаулықтың 3-бөлімінде белгіленген тәртіппен экспортердің/импортердің жаңа мәміле паспортының банкіне жібереді. Жаңа мәміле паспортының банкі және/немесе кеден органы экспорт/импорт жөніндегі жаңа мәміле паспортын ресімдеген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұдан бұрынғы экспорт/импорт жөніндегі мәміле паспортын ресімдеген мәміле паспортының банкіне және/немесе кеден органына ол бойынша түскен экспорт түсімі/импорт бойынша

жасалған төлемдер не оларды қайтару туралы және бұрынғы жөнелтілген/ алынған тауарлар тұрған не оларды қайтару туралы жазбаша өтініш жіберуге міндетті. Бұдан бұрынғы мәміле паспортының банкі және/немесе кеден органы жеті күнтізбелік күн ішінде жаңа мәміле паспортының банкіне және/немесе кеден органына сұраған ақпаратты беруге міндетті.

Мәміле паспорты банкінің қызмет көрсететін филиалы немесе есеп айырысу-касса бөлімі өзгерген жағдайда мәміле паспортын қайта ресімдеу талап етілмейді. Экспортердің немесе импортердің жаңа банктік деректемелері және мәміле паспорты банкі филиалының немесе есеп айырысу-касса бөлімінің жаңа деректері "Ерекше белгілер" бағанында көрсетіледі және осы ақпарат мәміле паспортын ресімдеген кеден органына жіберіледі.

Бұл ретте мәміле паспортына бұрын қызмет көрсеткен банктің филиалы немесе есеп айырысу-касса бөлімі олар бойынша барлық мәліметтер мен құжаттарды осы мәміле паспортын бақылау үшін қабылдаған банктің филиалына немесе есеп айырысу-касса бөліміне өткізеді.

Ескерту: 44-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

44-1. Экспортер/импортер мәміле паспортында көрсетілген өзінің мекен-жайын өзгерткен жағдайда (экспортер/импортер тіркелген әрекет ету аймағындағы кеден органын өзгерткен жағдайды қоспағанда) экспортер/импортер жаңа мекен-жайын көрсете отырып және растайтын құжаттарды қоса беру арқылы (мемлекеттік немесе есепке алу үшін тіркеу туралы куәлік) мәміле паспортына қосымша парақты кеден органына ресімдеуге ұсынады.

Егер мекен-жайды өзгерту кеден органының өзгеруіне әкеліп соқтырса, мәміле паспорты жабылуға тиісті. Жаңа мәміле паспорты мекен-жайдың өзгергенін ескере отырып, осы Нұсқаулықтың 44-тармағында көзделген т ә р т і п п е н р е с і м д е л е д і .

Ескерту: 44-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен .

45. Экспортердің пайдасына түскен экспорт түсіміне не мәміле паспортының банкінің корреспонденттік есепшотына импорт келісім-шарты бойынша бұрын аударылған, мәміле паспортының банкінің банк операцияларын жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын тоқтатуға не оны қайтарып алуға байланысты бұдан кейін экспортердің/импортердің банктік есепшотына есептелмеген ақшаның қайтарылуына бақылау жасау үшін экспортерге/импортерге алдағы уақытта қызмет көрсететін басқа банк, сондай-ақ кеден органы экспортердің/импортердің пайдасына ақша түскенін растайтын құжат

ретінде таратылатын мәміле паспортының банкінің корреспонденттік есепшотына нақты мәміле паспорты бойынша бірегейлендірілген ақшаның түскені туралы мәміле паспортының банкінің тарату комиссиясының анықтамасын қабылдай алады. <*>

Ескерту: 45-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 3 маусымдағы N 203 қаулысымен, Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 574 бұйрығымен .

6. Мәміле паспортын жабу

46. Экспорт немесе импорт бойынша мәміле мәміле паспортын жабуды осы мәміле паспортын ресімдеген кеден органы жүзеге асырады. Қажет болған жағдайда кеден органы мәміле паспортының банкімен келісім бойынша жасалған төлемдер мен жеткізілген тауарлар туралы салыстырып тексеру актісін жасайды. Мәміле паспортын жабу үшін осы Нұсқаулықта айтылған негіздеме болған жағдайда кеден органы салыстырып тексеру актісі негізінде он күннің ішінде мәміле паспортын жабады және оның жабылғаны туралы мәміле паспортының банкіне хабарлайды. Мәміле паспортының банкі мәміле паспортын жабу негізсіз деп тапқан жағдайда осы мәміле паспортын жапқан кеден органына тиісті наразылық жібереді. Мәміле паспортының банкінің наразылығы негізді деп танылған жағдайда мәміле паспортының жабылуы заңсыз деп танылып, бұл жөнінде кеден органы мәміле паспортының банкіне хабарлайды. <*>

Ескерту: 46-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 3 маусымдағы N 203 қаулысымен, Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 574 бұйрығымен , 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен .

47. Мына жағдайлардың бірінің болуы мәміле паспортын жабуға негіз болып табылады :

1) экспорт немесе импорт бойынша мәмілелер бойынша міндеттемелердің толық орындалуы. Егер бұл экспорттық немесе импорттық шарт талаптарында не халықаралық шарттарға (конвенцияларға) сай іскерлік айналымдағы дәстүрлерінде көзделген жағдайларда экспорт түсімін ұсталған комиссия сомасына азайтуға немесе импорт бойынша төлемдерді ұсталатын комиссиялар сомасына ұлғайтуға жол беріледі;

2) міндеттемелерін экспортталған/импортталған тауарлар құнының баламасына тең басқа нысанда орындауға ақшалай төлеу нысанын өзгерту көзделген талаптарды келісім-шартқа енгізу;

3) төленбеген/жеткізілмеген экспортталған/импортталған тауарлардың орнын толық жаппаған жағдайда және өзара талаптар (салыстырып тексеру актісін және т.б.) есебін растайтын құжаттар болса, талаптардың өзара есебін жүзеге асыру

көзделген келісім-шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу;

4) резидент емес әріптестің келісімін растайтын құжаттар негізінде және экспортердің/импортердің кеден органына және мәміле паспортының банкіне жіберген осы келісім-шарттың қолданылуының тоқтатылғаны туралы жазбаша хабарламасы негізінде экспортердің/импортердің келісім-шарт бойынша резидент емес әріптес алдындағы өзінің борышын басқа тұлғаға аударуы. Экспортер/импортер өз борышын басқа резидент тұлғаға аударған жағдайда, басқа резидент тұлға осы Нұсқаулықтың 3-бөлімінде көзделген тәртіппен экспорт/импорт жөніндегі жаңа мәміле паспортын ресімдеуге міндетті;

5) резидент емес әріптестен мәміле паспортының барлық сомасына талап ету құқықтарының өтуін растайтын құжаттар (талап ету құқықтарын беру шарты, өзара міндеттемелер бойынша салыстырып тексеру актісі, тауарды қабылдау-өткізу актісі, тауардың ілеспе құжаттары және т.б.) және экспортердің/импортердің кеден органына және мәміле паспортының банкіне жіберген осы келісім-шарттың қолданылуының тоқтатылғаны туралы жазбаша хабарламасы негізінде экспортердің/импортердің резидент емес әріптестен талап ету құқықтарын басқа тұлғаға беруі. Экспортер/импортер талап ету құқықтарын басқа резидент тұлғаға берген жағдайда, басқа резидент тұлға резидент еместердің міндеттемелерді орындамау тәуекелдерін сақтандыру шарттары жөніндегі сақтандыру компанияларын қоспағанда осы Нұсқаулықтың 3-бөлімінде көзделген тәртіппен экспорт/импорт жөніндегі жаңа мәміле паспортын ресімдеуге міндетті;

6) тараптардың бірі міндеттемелерін орындамаса және импортер импорт бойынша осы мәміленің қолданылуының тоқтатылғаны туралы кеден органына және мәміле паспортының банкіне берген жазбаша хабарламасы болған жағдайда импортердің бұрынғы алған тауарын не импорт бойынша мәміле бойынша аванстық төлемдерді қайтаруы;

7) тараптардың бірі міндеттемелерін орындамаса және экспортер экспорт бойынша осы мәміленің қолданылуының тоқтатылғаны туралы кеден органына және мәміле паспортының банкіне берген жазбаша хабарламасы болған жағдайда экспортердің бұрын алған тауарды не экспорт бойынша мәміле бойынша аванстық төлемдерді қайтаруы;

8) өз міндеттемелерін толық орындаған резидент еместің тарапынан экспорт немесе импорт бойынша келісім-шарттың жасаған және резидент еместің алдындағы үстеме міндеттемелерін орындамаған резиденттің атына шағым-талаптың жоқ екенін растайтын құжаттар ұсынуы;

9) ішкі істер органы қызметінің паспорттық және визалық мекен-жай бюросының экспортер/импортер болып саналатын жеке тұлғаның Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кеткенін растауы;

10) кеден органы тарапынан мәміле паспорты бойынша іс жүзінде тауар қозғалысының болмауы туралы растаумен бірге, мәміле паспортының банкі тарапынан мәміле паспорты бойынша іс жүзінде тауар қозғалысының болмауы және экспортердің/импортердің мәміле паспортының банкіне және кеден органына осы келісім-шарттың қолданылуының тоқтатылғаны туралы жазбаша хабарламасының болмауы туралы растау болған жағдайда мәміле паспорты ресімделген күннен бастап ол бойынша 1 жыл бойы ақша және тауар қозғалысының болмауы ;

10-1) кеден органы тарапынан мәміле паспорты бойынша тауардың нақты жылжуының болмауы туралы растау болған кезде, сонымен бір уақытта келісім-шарттың қолданылу мерзімі өткеннен кейін 1 ай ішінде мәміле паспорты бойынша ақша мен тауар жылжуының болмауы, мәміле паспортының банкі тарапынан мәміле паспорты бойынша тауардың нақты жылжуының және осы келісім-шарттың қолданылуын тоқтату туралы экспортердің/импортердің мәміле паспортының банкіне және кеден органына жазбаша хабарламасының болмауы туралы растау ;

10-2) тараптардың міндеттемелерін орындау баламасы болған және экспорт немесе импорт бойынша мәмілелерді орындау мерзімдері аяқталған кезде мәміле паспорты банкінің экспортерінің немесе импортерінің және кеден органын осы мәмілені тоқтату туралы жазбаша хабарламасынсыз, міндеттемелерді орындаудың соңғы күнінен бастап 1 (бір) жыл ішінде мәміле паспорты бойынша ақша және тауар қозғалысының болмауы ;

11) кеден органы тарапынан мәміле паспорты бойынша іс жүзінде тауар қозғалысының болмауы туралы растаумен бірге мәміле паспортының банкі тарапынан мәміле паспорты бойынша іс жүзінде тауар қозғалысының болмауы және осы келісім-шарттың күшінің жойылғаны туралы экспортердің/импортердің хаты болған жағдайда, тараптардың мерзімі көрсетілмеген келісім-шарт жөніндегі мәміле паспорты бойынша өз міндеттемелерін балама түрде орындауы және ол бойынша соңғы тауар жеткізілген және/немесе ақша аударылған кезден бастап 1 жыл бойы ақша және тауар қозғалысының болмауы ;

12) резидент емес борышкердің таратылуы немесе банкрот деп танылуы туралы сот шешімінің болуы не шетелдік мемлекеттің басқа уәкілетті мемлекеттік органының келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы мүмкін еместігін ресми түрде растай отырып, оның таратылуы туралы құжаттың не шетелдік мемлекеттің мемлекеттік органы актісінің болуы, соның салдарынан міндеттемелердің толық орындалуының мүмкін болмауы. Мұндайда ақшаны қайтарған жағдайда мәміле паспортын қайтадан ашу талап етілмейді ;

13) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен экспортердің/импортердің таратылуы немесе банкрот деп танылуы ;

13-1) мәміле паспортының соңғы күні өткеннен кейін тараптардың экспорт немесе импорт бойынша мәмілелер бойынша жиырма айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомаға орындалмаған міндеттемелерінің болуы экспортердің/импортердің келісімі болған кезде;

13-2) резидент еместің міндеттемелерін орындамау тәуекелін сақтандыру шарты бойынша сақтандыру оқиғасы басталған кезде сақтандыру төлемін алу;

13-3) уәкілетті органның әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша шешімі немесе мәміле паспорты бойынша жөнсіздік сомасы бойынша қылмыстық іс туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жыл ішінде резидент еместің резидент алдындағы міндеттемелерін орындамауы;

13-4) мәміле паспортын ресімдеген резиденттің орналасқан жері бойынша бес жыл бойы, осы Нұсқаулықтың 49-тармағында көзделген тәртіппен расталған б о л м а у ы ;

14) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген басқа да негіздер.

Ескерту: 47-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 3 маусымдағы N 203 қаулысымен, Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 574 , 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен , ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 , 2006 жылғы 17 тамыздағы N 86 қаулыларымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

48. Мәміле паспортының банкі таратылған не банкротқа ұшыраған жағдайда, экспортердің/импортердің қолданылатын келісім-шарты жөніндегі мәміле паспорты жабылуға тиіс. Сонымен қатар экспортер/импортер осы Нұсқаулықтың 44-тармағындағы талаптарға сәйкес аяқталмаған келісім-шарттар жөнінде жаңа мәміле паспортын ашуға міндетті.

49. Уәкілетті орган әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөнінде шешім немесе қылмыстық іс бойынша шешім қабылдаған, бірақ резидент емес міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етпеген экспортердің/импортердің келісім-шарты бойынша, мемлекеттік тіркеу орнында жоқ экспортер/импортер бойынша берешек кеден органында жеке есепке алынуға тиіс.

Экспортердің/импортердің мемлекеттік тіркеу орнында жоқ болуы кеден органдары әділет органдарынан (тіркелген тұрғылықты орны туралы), салық органдарынан (жұмыс істемеуі туралы), адрестік бюродан (экспортердің/импортердің басшыларының және құрылтайшыларының тұрғылықты жері туралы) сұрататын құжаттармен және кеден органдары қызметкерлерінің экспортердің/импортердің, оның басшылары мен құрылтайшыларының тұрғылықты жерде жоқ екені туралы актілерімен расталуы тиіс.

Кеден органдары бөлек есепке жатқызылған мәмілелер паспорттары бойынша экспорттерден/импорттерден тоқсан сайын берешек сомасын өтеу үшін шара қабылдау туралы ақпарат сұратады немесе жоғарыда көрсетілген тәртіппен экспорттердің/импорттердің тұрғылықты жерін анықтайды.

Ескерту: 49-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен, ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

50. Импорт жөніндегі мәміле паспорты мәміле паспортының банкі резидент емес ұсынған вексельді есепке алған кезде жабылуға тиіс.

51. Есеп айырысу әлі аяқталмаған экспорт/импорт келісім-шарты жөніндегі мәміле паспорты осы Нұсқаулықта көзделген жағдайда болмаса, сыртқы сауда операциялары толық аяқталғанға дейін күшінде болады.

51-1. Жабық мәмілелер паспорттары бойынша досьеге/іске оны жабу негіздемесін көрсете отырып мәміле паспортын жабу туралы кеден органының хабарламасы және мәміле паспортының банкінің мәміле паспортын жабуға келісімі туралы хаты тігіледі. Экспорт/импорт бойынша осы досье/іс мәміле паспорты жабылғаннан кейін 5 жыл ішінде кеден органында және мәміле паспортының банкінде сақталады. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін жабылған мәмілелер паспорты белгіленген тәртіппен жойылуға жатады.

Ескерту: 51-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен.

7. Валюталық бақылау органдары мен агенттері

Ескерту: 7-бөлім 2002 жылдың 31 шілдесінен бастап күшіне енеді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 3 маусымдағы N 203 қаулысымен, Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 574 бұйрығымен.

52. Валюталық бақылау органдары мен агенттері Қазақстан Республикасындағы валюталық бақылауды өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

53. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінен және мәміле паспортының банктерінен алынған мәліметтер негізінде экспорт-импорт валюталық бақылауының нәтижелері туралы ақпаратты жинақтайды және т а л д а й д ы ;

2) мәміле паспортының банктеріне есеп беру айынан кейінгі айдың 11-нен кешіктірмей тауарлардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы

нақты орын ауыстыруы жөніндегі ақпаратты ұсынады (N 5, 5-1 және N 6 қосымшалары);

3) валюталық түсімнің немесе тауардың Қазақстан Республикасының аумағына уақтылы түсуін қамтамасыз етпеген экспортерлер/импортерлер жөнінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне келісілген тәртіппен ақпарат береді (N 7 және N 8 қосымшалары);

4) барлық банктер мен олардың филиалдарының толық почта мекенжайларын, сондай-ақ көрсетілген мәліметтерге кез келген өзгерістерді көрсете отырып Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне банктер мен олардың филиалдарының тізімдерін келісілген тәртіппен ай сайын жіберіп отырады;

5) банктердің валюталық бақылау бойынша бағдарламалық қамтамасыз етілуіне техникалық талаптарды белгілеуге құқылы.

Ескерту: 53-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 3 маусымдағы N 203 қаулысымен, Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 574 бұйрығымен, 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен, күшіне енеді, ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

54. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі:

1) алынып тасталды;

2) алынып тасталды;

3) тауарлардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы нақты қозғалысы туралы ай сайын, 11-нен кешіктірілмей Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ақпарат ұсынады (N 5, 5-1 және N 6 қосымшалары);

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен және кеден органдарынан бұрын алынған ақпарат бойынша Қазақстан Республикасының валюталық заңдарын бұзған экспортерлерді/импортерлерді жауапкершілікке тарту жөнінде істелген жұмыс туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне келісілген тәртіппен ұсынады.

5) өзгерістердің енгізілуіне қарай, бірақ жылына кем дегенде бір рет келісілген тәртіппен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне олардың атауларын, мекен-жайларын және кодтарын, сондай-ақ көрсетілген анықтамаға кез келген өзгерістерді көрсете отырып өзгерістер енгізілген күннен бастап бір ай ішінде кеден органдарының анықтамасын жібереді;

6) алынып тасталды.

Ескерту: 54-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 3 маусымдағы N 203 қаулысымен, Мемлекеттік кіріс министрінің

2002 жылғы 17 маусымдағы N 574 бұйрығымен , 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен , күшіне енеді , ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

54-1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және кеден ісі жөніндегі уәкілетті орган экспортерлер/импортерлер жіберген валюта заңдарын бұзу жөніндегі ақпарат алмасуды келісілген тәртіппен жүзеге асырады.

Ескерту: 54-1-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен .

55. Мәміле паспортының банкінің хабарламасын алғаннан кейін кеден органы түскен экспорт түсімі, импорт бойынша жасалған төлемдер немесе олардың қайтарылуы туралы ақпаратты, сондай-ақ валюталық бақылау құжаттарына сәйкес валюталық бақылауды жүзеге асыру үшін талап етілетін өзге ақпаратты мәліметтердің электронды базасына енгізеді және Қазақстан Республикасының валюталық заңдарының талаптарына сәйкес экспорттық түсімнің уақтылы әрі толық түсуін және келісім-шарттың талаптарына сәйкес тауардың импорт бойынша жасалған төлемдерге сай келуін тексереді.

Экспорттық-импорттық валюталық бақылау мақсаты үшін кеден органдары тауарлардың экспорт немесе импорт мәмілесі бойынша белгіленген құнын есепке а л а д ы .

Ескерту: 55-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

5 6 . < * >

Ескерту: 56-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

57. Кеден органы мәміле паспортының банктерінің валюталық бақылау агенттерінің қызметін ойдағыдай жүзеге асыруы мақсатында мәміле паспортының банкінің өтініші бойынша экспортерлер/импортерлер жіберген/алған тауарлар туралы ақпаратты мәміле паспортының банкіне ұсынуға міндетті.

Уәкілетті органның экспортерлердің/импортерлердің мәмілелер паспорттары бойынша барлық түскен/аударылған ақша сомасы туралы мәміле паспортының банкінің ай сайынғы хабарламаларында айырма анықталған жағдайда кеден органы мәміле паспортының банкінен нақты мәміле паспорты бойынша ақша қозғалысы туралы мәліметтер сұратуға құқылы.

Мәміле паспортының банкі кеден органының сұратуы бойынша экспорттық-импорттық валюталық бақылау мақсаты үшін кеден органына нақты мәміле паспорты бойынша ақша қозғалысы туралы мәліметтер ұсынады.

Ескерту: 57-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен , ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

58. Мәміле паспортының банктері өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасында экспортерлер мен импортерлердің жүргізетін валюталық операцияларына, осы операциялардың Қазақстан Республикасының валюта заңдарына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиялары мен тіркеу куәліктерінің талаптарына сәйкес келуіне бақылау жасайды.

Мәміле паспортының банкі:

1) ай сайын, есеп беру айынан кейінгі айдың 5-нен кешіктірмей экспортерлердің/импортерлердің мәміле паспорттары бойынша барлық түскен/аударылған ақша сомалары туралы кеден органына хабар береді (хабарлама нысаны - N 12 және N 13 қосымшалары);

2) ай сайын, есеп беру айынан кейінгі айдың 20-нан кешіктірмей экспорт-импорт валюталық бақылауының нәтижелері туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұсынады (N 14, 14-1, N 15 және N 16 қосымшалары);

3) ай сайын, есеп беру айынан кейінгі айдың 23-нен кешіктірмей баламасы он мың АҚШ долларынан аспайтын келісім-шарттар бойынша ақпаратты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұсынады (N 17 және N 18 қосымшалары);

4) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 20-на дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне клиенттердің тапсырмасы бойынша экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асыратын банктің есеп айырысу-касса бөлімдері туралы мәліметтерді жазбаша түрде олардың деректемелері мен орналасқан жерін көрсете отырып жібереді.

Ескерту: 58-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 3 маусымдағы N 203 қаулысымен, Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 574 бұйрығымен , 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен , күшіне енеді , ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

59. Қажет болған жағдайда, бірақ тоқсанына бір реттен жиі емес кеден органы мәміле паспортының банкімен бірлесіп экспортерлер/импортерлер мәміле

паспортының банкі пен кеден органына ұсынатын құжаттардың осы Нұсқаулықпен бірдейлігін анықтау мақсатында, сондай-ақ мәміле паспортының банкінің ресімделген мәміле паспорттары бойынша жасалған төлемдер және түскен ақша сомалары туралы ақпараттың кеден органына уақтылы және шынайы ұсынылуын анықтау үшін экспортерлер/импортерлер қолданылып жүрген мәміле паспорттары бойынша қосымша салыстырулар жүргізуі мүмкін.

Салыстыру өткізу туралы лауазымдық тұлға-кеден органының басшысы қол қойған нұсқау негізінде кеден органының қызметкерлері мәміле паспортының банкінен экспорт-импорт бойынша нақты мәміле паспорттары жөнінде қажетті деректерді сұратады. Мәміле паспортының банкі кеден органына осы Нұсқаулықта көзделген валюталық бақылау құжаттарының толық тізбесін ұсынуға міндетті.

Салыстыру өткізген кезде мәміле паспортының банкі ресімделген мәміле паспорттары бойынша іс жүзіндегі тауарлардың қозғалысы туралы ақпаратты сұратуға, ал кеден органы оны ұсынуға міндетті.

Салыстыру нәтижелері экспорт/импорт жөнінде мәміле паспорты бойынша салыстыру актісі түрінде ресімделеді, оларға мәміле паспортының банкі мен кеден органының басшылары қол қояды.

60. Валюталық бақылау органдары мен агенттері міндеттердің ойдағыдай орындалуын, сондай-ақ осы Нұсқаулықта белгіленген ақпараттың толық, шынайы және уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етуге міндетті.

8. Экспортерлер мен импортерлердің құқықтары және міндеттері

61. Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюталық операцияларын жүзеге асыратын экспортерлер мен импортерлер:

1) валюталық бақылау органдары жүргізген тексеру материалдарымен танысуға;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен валюталық бақылау органдары мен агенттерінің іс-әрекетіне шағым беруге;

3) кеден органдары мен мәміле паспортының банкітері тарапынан негізсіз бас тарту болған жағдайда немесе мәміле паспорты уақтылы ресімделмеген жағдайда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне шағым беруге;

4) Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілерімен көзделген басқа да іс-әрекет жасауға құқылы.

62. Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюталық операцияларын жүзеге асыратын экспортерлер мен импортерлер:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тиісті лицензиясы болған жағдайда мәміле паспортының банкіндегі өз есепшотына немесе шетелдік банкте

ашылған есепшотқа келісім-шарт бойынша экспорттық түсімнің толық көлемде және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мерзімде есептелуін, ал экспорттық түсімді алу мүмкін болмаған жағдайда - шетелдік тарапқа бұрын жіберілген тауарды қайтаруды қамтамасыз етуге;

2) импортталатын тауардың толық көлемде және келісім-шартта белгіленген мерзімде алынуын, ал тауарларды жеткізу мүмкін болмаған жағдайда - мәміле паспортының банкіндегі импортердің есепшотына бұрын шетелдік тарапқа аударылған аванс төлемінің сомасын қайтаруды қамтамасыз етуге;

3) олардың бар болуы туралы талап Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясын және/немесе тіркеу куәлігін алу үшін барлық қажетті шараларды қолдануға;

4) валюталық бақылау органдары мен агенттеріне экспорт-импорт операцияларын жүзеге асырылғандығы туралы барлық сұралған құжаттар мен а қ п а р а т т а р д ы б е р у г е ;

5) валюталық бақылау органдарының қызметкерлерін экспорт-импорт операцияларын жүзеге асыруға байланысты кез келген құжаттарды тексеруге ж і б е р у г е ;

6) валюталық бақылау органдарына олардың тексеру жүргізуі барысында, сондай-ақ тексеру нәтижелері бойынша түсініктемелер беруге;

7) валюталық бақылау органдары жүргізген тексеру нәтижелері туралы а н ы қ т а м а л а р ғ а қ о л қ о ю ғ а ;

8) валюталық бақылау органдары жүргізген тексеру нәтижелері туралы анықтаманың негізінде жасалған тәртіп бұзушылық жөніндегі хаттамада баяндалған фактілермен келіспеген жағдайда осы хаттамаға қол қоюдан бас тарту себебіне жазбаша түсінік беруге;

9) өздері жүргізген экспорт-импорт операциялары бойынша олардың келісім-шарттың қолданылу мерзімі ішінде, бірақ кемінде бес жыл сақталуын қамтамасыз ете отырып есепке алуға және есеп беріп отыруға;

10) валюталық бақылау органдарының анықталған тәртіп бұзушылықтарды жою жөніндегі талаптарын (Нұсқауларын, ұйғарымдарын) орындауға;

11) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

9. Жеке жағдайлар

63. Мәміле паспортын ресімдеу талап етілмейтін жағдайлар:

1) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және банктер жүзеге асыратын қолма-қол а қ ш а н ы а у ы с т ы р ғ а н к е з д е ; < * >

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және банктер бағалы металды шет елдегі металл есепшоттарына орналастыру үшін алып шығарғанда;

2-1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және банктер қымбат металдарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелген кезде;

3) тауарларға ақы мемлекеттік сыртқы заемдардың немесе мемлекет кепілдігімен қамтамасыз етілген сыртқы заемдардың есебінен төленетін келісім-шарттар бойынша. Тиісті мемлекеттік органның хаты мемлекеттік сыртқы заемдар есебінен тауарлар сатып алуды растайтын құжат болып т а б ы л а д ы ;

4) республиканың кеден шекарасы арқылы тауар өткізуді көздемейтін және тиісінше кедендік ресімдеуді қажет етпейтін келісім-шарттар бойынша;

5) экспортер/импортер келісім-шартты жасау күніне баламасы он мың АҚШ долларынан аспайтын сомаға жасалған не ресімделген келісім-шарттар, инвойстар, шот-фактуралар бойынша, сонымен бірге банктер валюталық бақылау агенттері ретінде және кеден органдары валюталық бақылау органдары ретінде экспортерлердің/импортерлердің осындай операцияларына бақылау ж а с а п о т ы р а д ы ;

б) карама-қарсы орындау міндеттемелері талап етілмейтін, өтеусіз сипаттағы шарттар бойынша тауарлардың орнын ауыстыру кезінде.

Ескерту: 63-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 3 маусымдағы N 203 қаулысымен, Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 574 бұйрығымен , 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен , ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

64. Мәміле паспортын ресімдеу қажет болатын жағдайлар:

1) баламасы он мыңнан астам АҚШ долларына жасалған келісім-шарттар б о й ы н ш а :

- тауарларды сатып алу-сату келісім-шарттары (шарттар, келісімдер) бойынша Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан тауарларды өткізген к е з д е ;

- бұрын кеден режимінде ресімделген, экспорттан (еркін айналымға шығарудан) бөлек осы тауарларға меншік құқығының резиденттен резидент емеске (резидент еместен резидентке) көшуіне байланысты экспорт үшін (еркін айналымға шығарудан) кеден органдарына мәлімделген кезде;

2) осы келісім-шартты жасау күніне тауардың келісім-шарт бойынша құны он мың АҚШ долларынан асқан жағдайда көрсетілген қызметке келісім-шарттар бойынша тауарларды (экспорттау/еркін айналымға шығару үшін) ауыстырған к е з д е .

Ескерту: 64-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен .

65. Тауарды телекоммуникациялық желі арқылы жасалған мәміле бойынша жеткізген жағдайда, сондай-ақ келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) болмаған жағдайда мәміле паспортын ресімдеу инвойс негізінде жүзеге асырылады, инвойста мәміле паспортының бағандарын толтыруға қажетті барлық мәліметтер болады, ал сомалар және мәміле паспортын толтыруға қажетті басқа деректер - осындай келісім-шарттарға қосымшаларды, ерекше нұсқамаларды немесе инвойстарды белгілемейтін ұзақ мерзімді келісім-шарттар бойынша келісім-шарт талаптарында қалай көзделгендігіне қарай жеткізіледі. Сонымен бірге экспортерлер/импортерлер осындай инвойстардың, қосымшалардың немесе ерекше нұсқамалардың мәміле паспортының нөмірі мен деректемелеріне сай аударылатын сомалардың теңестірілуін қамтамасыз етуге тиіс, бұл туралы мәміле паспортының банкі мәміле паспортын ресімдеген кезде экспортерге/импортерге хабарлауы қажет.

66. Жеткізілетін тауарға бағдарлы бағаны көздейтін келісім-шарттар бойынша экспорт/импорт жөнінде мәміле паспортын ресімдеген кезде мәміле паспортында "Ерекше белгілер" бөлімінде бағалардың бағдарлы екені көрсетіледі. Тауардың нақты құнын белгілеген кезде мәміле паспортына қосымша парақ тауардың нақты құнын растайтын құжаттар негізінде ресімделеді .

67. Дистрибьютордың банктік есепшоты арқылы төлем жасауды белгілейтін, әкелінетін тауарларды еркін айналымға шығару тәртібі бойынша ресімделетін дистрибьюторлық келісімдер бойынша мәміле паспортын ресімдеуге ашық бағандармен қабылдауға болады, ол тауарды кедендік ресімдеу алдында немесе мәміле паспортының банктері осы нұсқаулықта белгіленген тәртіпке сәйкес мәміле паспортының қосымша беттерінде төлем жасар алдында мына ерекшеліктер ескеріле отырып толтырылады:

1) мұндай беттерді толтыруға инвойстар негіз болады;

2) кеден органдары кедендік ресімдеуді мәміле паспорты және оның қосымша беттері болған жағдайда жүзеге асырады.

Сонымен бірге аталған тәртіп дилерлік келісімдер бойынша әкелінетін тауарға қатысты да қолданылады.

68. Шетелдік банкте импорт бойынша төлем жүзеге асырылатын не " Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына және лицензияның немесе куәліктің талаптарына сәйкес экспорттық түсім түсетін шот ашу үшін экспортерде немесе импортерде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы немесе тіркеу куәлігі

немесе валюта операциялары туралы хабарлама туралы куәліктері болған кезде, мәміле паспортында Қазақстан Республикасы резидентінің шоты ашылған мәміле паспорты банкінің деректемелері және сол сияқты осы резиденттің шоты ашылған шетелдік банктің деректемелері көрсетіледі.

Мыналар экспорттық түсім түсуінің (тауарлардың ақысын төлеудің) р а с т а м а с ы б о л ы п т а б ы л а д ы :

1) шетелдік банктегі корреспонденттік шоттан үзінді-көшірме - банктер тауар сатып алған кезде (кеден органында үзінді-көшірменің банктің корреспонденттік шоттан төлеген валюта сомасын растайтын бөлігінің расталған көшірмесі қалады) ;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (оның аумақтық филиалының) резиденттің шетел банкіндегі шоты бойынша ақша қозғалысы туралы, кеден органына оның жазбаша сұрауы бойынша жіберілетін хабарламасы;

3) мәміле паспорты банкінің осы Нұсқаулықта белгіленген тәртіппен кеден органына жіберілетін х а б а р ы .

Ескерту: 68-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

6 9 . < * >

Ескерту: 69-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен .

70. Төлемдері резиденттің резидент еместен алынған кредиті есебінен жүзеге асырылатын және үшінші адамның есепшотына есептеуді көздейтін келісім-шарттар бойынша мәміле паспорты мынадай ерекшеліктермен т о л т ы р ы л а д ы :

1) "Банк деректемелері" деген бөлімде импортердің есепшоты ашылған, бұдан әрі шетелдік кредиторға кредит қаражаты қайтарылатын банктің деректемелері көрсетіледі.

2) Кеден органы осы Нұсқаулықтың 3-бөлімінде көзделген тәртіппен мәміле п а с п о р т ы н р е с і м д е й д і .

3) Қызмет аймағында импортер болатын қызмет көрсететін банк және/немесе кеден органы өзгерген жағдайда мәміле паспортын ресімдеу осы Нұсқаулықтың 44-тармағында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту: 70-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

70-1. Ақша төлемі және/немесе аударымы жүзеге асырылатын тұлға және үшінші резидент тұлғалар арасында тиісті шарт болған жағдайда ғана жоғарыда

көрсетілген үшінші резидент тұлғалардың экспорт немесе импорт бойынша мәмілелеріне ақы төлеуіне рұқсат етіледі. <*>

Ескерту: 70-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 3 маусымдағы N 203 қаулысымен, Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 574 бұйрығымен .

71. Келісім-шартқа үшінші адам - резидент ақы төлеген кезде импортер мәміле паспортын үш дана етіп, осы Нұсқаулықта белгіленген тәртіппен ресімдейді. Осыған орай импорт бойынша мәміле паспортындағы "Үшінші тұлғаның деректемелері" деген бөлім толтырылмайды. Импорт бойынша мәміле паспортын ойдағыдай ресімдегеннен кейін импортер кеден органына мәміле паспортына бес (импортер, импортердің банкі, кеден органы, үшінші адам және үшінші адамның банкі үшін әр тарапқа бір-бірден) немесе одан да көп дана етіп (импорт бойынша келісім-шартқа қатысатын үшінші адамдардың санына байланысты) қосымша парақ ұсынады, онда тек қана "Үшінші тұлғаның деректемелері" деген бөлім толтырылады. Осыған орай импортер кеден органына импорт бойынша мәміле паспортына қосымша парақты үшінші адамның қатысуымен ресімдеуге ұсынады.

Кеден органы импорт бойынша мәміле паспортына қосымша парақтың екі данасын үшінші тұлғаның банкіне жібереді, ол банк импорт бойынша мәміле паспортына қосымша парақты осы Нұсқаулықтың 3-бөлімінде белгіленген тәртіппен ресімдейді. Импорт бойынша мәміле паспортын ресімдеуден бас тартқан жағдайда үшінші тұлғаның банкі кеден органына тиісті хабар жібереді. Үшінші тұлғаның банкі импорт бойынша мәміле паспортына қосымша парақты валюталық бақылауға қабылдаған жағдайда үшінші тұлғаның банкі импорт бойынша мәміле паспортына қосымша парақтың бір данасын импортердің мәміле паспортының банкіне жібереді.

Импортер және үшінші тұлға импорт бойынша мәміле паспортына қосымша парақтың өз даналарын импортердің мәміле паспортының банкіне ресімдеу үшін жібереді. Импортердің мәміле паспортының банкі импорт бойынша мәміле паспортына қосымша парақты ресімдейді немесе негіздемелер болған жағдайда оны ресімдеуден бас тартады және кеден органы мен үшінші тұлғаның банкіне осы Нұсқаулықтың 3-бөлімінде көзделген тәртіппен тиісті хабар жібереді. Үшінші тұлғаның банкі импортердің мәміле паспортының банкінің импорт бойынша мәміле паспортын валюталық бақылауға қабылдауы туралы хабарды алғанға дейін осы мәміле паспорты бойынша төлемдер жасамайды.

Үшінші тұлғаның банкі төлем жасаған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде импорт бойынша мәміле паспортына қосымша парақ жөнінде жасалған төлемдер туралы ақпаратты импортердің мәміле паспортының банкіне жіберуге міндетті.

Импортердің мәміле паспортының банкі үшінші тұлғаның банкі төлемдер

жасаған, импорт бойынша мәміле паспортына қосымша парақ жөнінде төленген сомалардың көлеміне валюталық бақылау жасайды және ақысы төленген төлемдердің жалпы сомасы импорт бойынша келісім-шартта көрсетілген сомадан асқан жағдайда бұл туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және кеден органдарына ақпарат береді.

Коммерциялық кредит ұсынуға байланысты операциялар бойынша үшінші тұлға-резидент импортер алған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде жүзеге асырылады, оның көшірмесін үшінші тұлға өзіне қызмет көрсететін банкке ұсынады. Үшінші тұлғаның банкі төлеген төлемдердің жалпы сомасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясында көрсетілген сомадан асқан жағдайда импортердің мәміле паспортының банкі бұл туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен кеден органдарына ақпарат береді.

Үшінші тұлға-резидент емес импорт келісім-шартын төлеген кезде мәміле паспортының "Банк деректемелері" деген бөлімінде үшінші тұлға-резидент емес банкінің деректемелері көрсетіледі. Тиісінше мәміле паспортында бұл банктің қолы талап етілмейді. Банктің осындай келісім-шарттар бойынша тауарларға ақы төлеу туралы хабарламаның орнына импортер үшінші тұлға-резидент еместің келісім-шартты төлеуін растайтын құжаттарды (есепшоттан көшірме, телекс және т.б.) кеден органына тапсырады.

Импорт бойынша мәмілеге ақы төлеуді резидент емес үшінші тұлғадан резидент алатын және басқа тұлғаның шотына есептеуді көздейтін кредиттің есебіне резидент емес үшінші тұлға жүргізсе, онда мәміле паспортының "Банк деректемелері" бөлімінде кредитті өтеу жүргізілетін мәміле паспортының банкінің деректемелері көрсетіледі және "Банктің, кеден органының ерекше белгілері" бөлімінде деректемелер және кредит шартының сомасы көрсетіледі. Мұндай жағдайларда резидент емес кредитті өтегенге дейін немесе борышты кешіргенге дейін мәміле паспорты жабылмайды.

Импорт бойынша мәмілеге ақы төлеу резидент еместің резидент алдындағы басқа мәміле паспорты бойынша берешек есебіне резидент емес үшінші тұлға жүргізсе, онда мәміле паспортының "Банк деректемелері" бөлімінде басқа мәміле паспорты ресімделген мәміле паспортының банкінің деректемелері көрсетіледі және "Банктің, кеден органының ерекше белгілері" бөлімінде басқа мәміле паспорты деректемелері және есептелетін берешек сомасы көрсетіледі.

Мұндайда банк сұратуға құқылы, ал импортер банктің сұратуы бойынша үшінші тұлға-резидент еместен алынған кредит бойынша жүргізілген төлемдер мен аударымдар туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті.

Ескерту: 71-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және ҚР Кедендік бақылау

агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен , ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

71-1. Егер импорт келісім-шартына ақы төлеуді үшінші тұлғаның бірі жүзеге асыратын болса, онда мәміле паспортына қосымша парақтар ресімделмей-ақ " Үшінші тұлғаның деректемелері" бөлімі толтырылып, мәміле паспортын бес дана етіп (тараптарға бір-бірден - импортерге, импортердің банкіне, кеден органына, үшінші тұлғаға және үшінші тұлғаның банкіне) ресімдеуге рұқсат е т і л е д і .

Мұндай жағдайда импорт бойынша мәміле паспорты осы Нұсқаулықтың 71-тармағында көзделген тәртіппен үшінші тұлғаның қатысуымен ресімделуге ұ с ы н ы л а д ы . < * >

Ескерту: 71-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 3 маусымдағы N 203 қаулысымен, Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 574 бұйрығымен .

71-2. Экспорт бойынша мәмілеге резидент үшінші тұлға ақы төлеу мынадай жағдайларда болуы ықтимал:

1) экспортердің есебіне ұлттық валюта есептеу арқылы резидент үшінші тұлғаның резидент емеске кредит беруі;

2) экспортердің үшінші тұлғаға - резидентке резидент емес әріптеске талап қою құқығын беруі ;

3) экспортердің резидент емес әріптеске және резидент емес әріптестің резидент үшінші тұлғаға талабын есептеу.

Мәміле паспортын (мәміле паспортына қосымша парақты) осы Нұсқаулықтың 71 және 71-1-тармақтарында белгіленген тәртіппен экспортер р е с і м д е й д і .

Мұндайда мәміле паспорты жабылмайды және резидент еместің үшінші тұлғаға ақша қайтаруын экспортер банк және үшінші тұлғаның банкі жүзеге асырады. Үшінші тұлғаның банкі экспортер банкке резидент еместің үшінші тұлғаға ақша қайтаруы туралы хабарлайды.

Ескерту: 71-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен .

72. Есеп айырысу аккредитивтік нысанда болса не банктік кепілдік орындалған жағдайда мәміле паспортының банкінің кеден органдарына хабарламасы осы Нұсқаулықтың 58-тармағында белгіленген тәртіппен және мерзімде нақты төлем жүзеге асырылған кезде жіберіледі.

Егер орындаушы өзге банк болса, ол мәміле паспортының банкіне есеп айырысудың аккредитивтік нысанда болуын не банктік кепілдіктің орындалуын

көздейтін экспорт немесе импорт бойынша мәмілелер бойынша төлемнің және/немесе ақша аударымының жүзеге асырылғанын растайтын төлем құжатының көшірмесін мәміле паспортының банкіне жіберуге тиіс.<*>

Ескерту: 72-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 3 маусымдағы N 203 қаулысымен, Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 574 бұйрығымен .

72-1. Егер сыртқы сауда келісім-шартында экспортердің/импортердің тарапынан банктік кепілдік болуы көзделсе, онда мәміле паспортының "Банктің, кеден органының ерекше белгілері" бөліміне банктік кепілдіктің бар екендігі белгіленеді .

Кепілдік шығарған банк сыртқы сауда келісім-шарты бойынша төлемді жүзеге асырған жағдайда, мұндай банк мәміле паспортының банкіне резидент еместің пайдасына төлем жасағанын растайтын төлем құжатын бергеннен кейін ғана мәміле паспорты жабылады. <*>

Ескерту: 72-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 3 маусымдағы N 203 қаулысымен, Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 574 бұйрығымен .

72-2. Экспорт бойынша мәмілеге резидент емес үшінші тұлға ақы төлеу кезінде оны мәміле паспортында көрсету не мәміле паспортына қосымша парақ ресімдеу талап етілмейді. Егер бұл төлем құжатында тікелей көрсетілмесе, экспортер мәміле паспортының банкіне резидент әріптестің келісім-шартқа ақы төлегенін резидент емес үшінші тұлға растаған құжатты ұсынады (келісім-шартқа өзгерістер мен толықтырулар, резидент емес әріптеспен хат ж а з ы с у ж ә н е б а с қ а л а р) .

Ескерту: 72-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен .

73. Төлем құралы ретінде вексель пайдалануды көздейтін сыртқы сауда мәмілелерін жүзеге асырған кезде кеден органдары мен мәміле паспортының банктері тауарлардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы орнын ауыстыру жүзеге асырылатын келісім-шартта вексельді төлем құралы ретінде пайдалануды көздейтін төлем талаптарының болуын тексеруі қажет.

Экспортер/импортердің есепшотына қызмет көрсететін, вексельді пайдалану арқылы төлемдер жасайтын мәміле паспортының банкі вексель мәтінін тексереді және вексельдің банкке келіп түскен күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей вексельдің Қазақстан Республикасының вексель заңдарына (міндетті деректемелердің болуы, индоссамент қатарының үздіксіз болуы және басқалары) сәйкестігі туралы кеден органына жазбаша хабар жібереді.

74. Төлем құралы ретінде вексельді пайдалану арқылы сыртқы сауда операцияларын жүзеге асыратын экспортердің міндеттеріне вексель бойынша төлемнің алынуын немесе оған құқықтардың үшінші тұлғаға берілуін растайтын құжаттарды мәміле паспортының банкіне және кеден органына дереу беру кіреді.

Кеден органы және мәміле паспортының банкі экспортерден-вексель ұстаушыдан мынадай құжаттарды алғанға дейін мәміле паспортын бақылауда ұстауға міндетті (экспортердің вексельді пайдалануына байланысты):

1) төлем жасаушы немесе вексель бойынша міндетті басқа тұлға вексельді өтеген кезде вексель бойынша төлем келіп түскен жағдайда - осы төлемді растайтын құжаттар (акцептелген вексельдің көшірмесі және төлем құжаты);

2) экспортер вексельді есепке алу кеңсесіне есепке алу үшін ұсынған жағдайда - вексельдің есепке алынғандығын растайтын құжаттар, яғни экспортерге дисконтты есептемей немесе оны қоспай вексель сомасын төлеу (есепке алу кеңсесінің пайдасына индоссамент жасалған вексельдің көшірмесі ж ә н е т ө л е м қ ұ ж а т ы) ;

3) вексельді төлем құралы ретінде пайдаланған жағдайда - вексельге мүліктік құқықтар берілген тұлғамен жасалған келісім-шарт, тиісті жіберілетін жазбасы (индоссамент) бар осы вексельдің көшірмесі, осы операцияның өткізілген растайтын басқа да құжаттар (мәміле паспорты, жүк кеден декларациясы және б а с қ а л а р ы) .

Вексель бойынша төлем басқа банкке келіп түскен кезде экспортер-вексель ұстаушы осы банкке төлемді мәміле паспортының банкідегі өз есепшотына аударуды тапсыруы қажет.

75. Вексель эмитенті импортердің өзі болған жағдайда және импорт бойынша мәміле жөніндегі тауар вексель бойынша төлем мерзімі басталғанға дейін жеткізілген жағдайда мәміле паспорты осы вексельді төлеуге ұсынғанға дейін бақылануы тиіс, сонымен бірге вексельдің сомасы келісім-шарттың жалпы сомасынан аспауы тиіс. Есеп айырысудың вексельдік түрі бар импорт бойынша мәмілелер бойынша вексель эмитенті үшінші тұлға болған жағдайда мәміле паспорты тауардың импортерге жеткізілген сәтіне дейін жабылмайды.

Ескерту: 71-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен , ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

75-1. Экспортер Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан өз филиалдарының мекен-жайына кейін сату мақсатымен тауар жеткізген жағдайда тауарды түпкілікті сатып алушы белгісіз болған кезде мәміле паспорты мынадай

ерекшеліктермен

толтырылады:

1) кеден органында мәміле паспортын ресімдеу үшін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан экспортердің филиалына тауар сатуды жүзеге асыруға тапсырма не филиалдың тауар сату жөніндегі өкілеттігін растайтын өзге де құжат ұсынылады;

2) "Шетелдік сатып алушының деректемелері" бөлімі толтырылмайды;

3) "Келісім-шарттың деректемелері мен талаптары" бөлімінде "Нөмірі" және "Күні" бағандары толтырылмайды, келісім-шарт сомасы кеден органының келісімі бойынша, тауар экспортының болжамды көлемін және экспортталатын тауар бағасының есебін негізге ала отырып шамамен айқындалады;

4) "Банктің, кеден органының ерекше белгілері" бөлімінде экспортердің филиалының мекен-жайына тауар жеткізілетіні көрсетіледі;

5) бөлшек сауда жүйесі арқылы халықтың тұтынуына арналған тауарды экспортердің филиалы сатқан жағдайда, "Банктің, кеден органының ерекше белгілері" бөлімінде тиісті белгі қойылады, кеден органы мен мәміле паспортының банкіне шетелде шот ашуға көшірмесі мәміле паспортының ажырамас бөлігі болып табылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясын немесе тіркеу куәлігін ұсынады.

Қазақстан Республикасында тауарды кедендік ресімдегеннен кейін 150 күн ішінде, бірақ экспорттық түсім түскеннен кешіктірмей, экспортер кеден органы мен мәміле паспортының банкіне экспортталған тауарды сатуға келісім-шарт ұсынады. Халықтың тұтынуына арналған және бөлшек сауда жүйесі арқылы сатылатын экспортталған тауарларды сатуға келісім-шарт ұсынылмайды.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан экспортердің филиалы арқылы сатылатын тауарлардың экспортына ақы төлеуге түсімді экспортер алуға тиіс және тауар экспорты күнінен бастап (Қазақстан Республикасында кедендік ресімдеу) 180 күн ішінде немесе 180 (жекелеген тауарлар тізбесі бойынша - 365) күннен асатын мерзімге коммерциялық кредит беруге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясында өзге мерзім белгіленбесе, тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін жекелеген тауар экспорты күнінен бастап (Қазақстан Республикасында кедендік ресімдеу) 365 күн ішінде мәміле паспортының банкіндегі оның шотына толық көлемде есепке алынады, ал экспорттық түсім алу мүмкін болмаған жағдайда - бұрын экспортталған тауарды көрсетілген мерзімде қайтарады.

Ескерту: 75-1-тармақпен толықтырылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен, ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

76. Резидент емес әріптестің талап ету құқығын/борышты аударуды басқа тұлға-резидентке берген кезде экспорт/импорт бойынша мәміле паспорты осы Нұсқаулықтың 6-бөлімінде белгіленген тәртіппен жабылады. Осы Нұсқаулықтың 47-тармағының 5) тармақшасында көзделген талап ету құқығын/борышты аударуды растайтын құжаттар, сондай-ақ экспортер/импортердің борышты аударуға берген келісімі және осы Нұсқаулықтың 47-тармағының 4) тармақшасында көзделген басқа құжаттар талап ету/борышты аудару кезінде мәміле паспортын жабуға негіздемелер болып табылады. Осы құжаттар бар болған кезде экспортердің/импортердің басқа тұлға-резиденттің пайдасына резидент еместің борышына төлем жасауы Қазақстан теңгесімен өтеледі.

76-1. Тауар экспортына ақы төлеу резидент экспортері (мәміле бойынша сауда делдалы) және жүк жіберушінің пайдасына аударым аккредитивін пайдалана отырып жүргізілетін болса, онда мәміле паспорты аударым аккредитиві бойынша аударатын банк ретінде экспортерге қызмет көрсететін мәміле паспортының банкінде ресімделеді.

Тауар экспортына ақы төлеуге түсім екі бенефициардың (экспортер мен жүк жіберуші) шоттарына түскен түсім сомалары келісім-шарттың және мәміле паспортының талаптарына сәйкес келсе, толық көлемде түскен болып есептеледі. Мұндайда, экспорттан түсім түскені туралы ақпаратта бірінші бенефициар - экспортер және екінші бенефициар - жүк жіберуші арасында соманы бөлгенге дейін банктің транзиттік шотына аккредитив бойынша түскен барлық сома көрсетіледі.

Ескерту: 76-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысымен және ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 9 бұйрығымен .

77 . - 77 - 1 . < * >

Ескерту: 77 және 77-1-тармақтар алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

78. Экспортер/импортер мәміле паспортының банкіне осы Нұсқаулықтың 74-тармағында атап көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ, егер алынуы валюта заңнамасына сәйкес талап етілген жағдайда, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген лицензия және/немесе тіркеу куәлігі және/немесе валюта операциялары туралы хабарламалар туралы куәлік ұсынылмаған жағдайда мәміле паспортының банкі осы фактілер туралы осы сыртқы сауда келісім-шарты бойынша мәміле паспортын ресімдеген кеден органына хабарлауға міндетті.

Ескерту: 78-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

79. Ақпарат тасымалдаушыларды оларға жазылған ақпаратпен қоса (магнит дискілерді, магнит таспаларды, компакт-дискілерді, флоппи-дискілерді, қағазға шығарылған ақпарат тасымалдаушыларын және т.б.) Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелген және Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс жерлерге әкеткен кезде мәміле паспорты ақпараттың өзінің және оның тасымалдаушысы құнының сомасына ресімделеді.

80. Лизинг (қаржылай жалға алу) шарттары бойынша мәміле паспорты әкелінетін жабдықтың жүк кеден декларациясында мәлімделген құнына ресімделеді.

81. Экспортер/импортер есеп айырысулар әлі де аяқталмаған келісім-шарт бойынша мәміле паспортын жоғалтқан жағдайда мәміле паспортының көшірмесі осы Нұсқаулықтың 3-бөлімінде белгіленген тәртіппен экспортердің/импортердің жазбаша өтініші негізінде ресімделеді. Осыған орай экспортердің/импортердің осы Нұсқаулықтың 3-бөлімінде көзделген құжаттарды ұсынуы талап етілмейді. Мәміле паспортының көшірмесі кеден органының құжаттарындағы және мәміле паспортының банкінің ісіндегі мәміле паспорты түпнұсқаларының дәл көшірмесі болуы тиіс. Мәміле паспортының көшірмесін ресімдеу кезінде кеден органы " К ө ш і р м е " деген белгі қояды.

Мәміле паспортына қосымша парақтың көшірмесі жоғалған жағдайда ол мәміле паспортының көшірмесін ресімдеу сияқты ресімделеді.

10. Банктердің осы Нұсқаулықты бұзғаны үшін жауапкершілігі

82. Осы Нұсқаулықтың талаптарын бұзғаны үшін банктер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді. (*РҚАО-ның сілтемесі: K010155* 168 - 172-1-баптарды *қараңыз*)

83. Банктердің осы Нұсқаулықтың нормаларын жүйелі түрде бұзғаны үшін валюталық бақылау органдары өз өкілеттіктері шегінде санкциялар қолдануға құқылы.

11. Экспортерлер мен импортерлердің осы Нұсқаулықты бұзғаны үшін жауапкершілігі

84. Экспортер/импортер расталғаннан кейінгі мәміле паспортына түзету енгізгені немесе банктің жауапты қызметкерінің қолын және/немесе банктің мөрін және кеден органының лауазымды адамының қолы мен оның мөрін жалған жасағаны үшін, мәміле паспортында көрсетілген тауарға сәйкес келмейтін тауарды республикаға әкелгені немесе одан тысқары жерлерге әкеткені, сондай-ақ осы Нұсқаулықтың талаптарын сақтамағаны үшін Қазақстан

Республикасының кеден, әкімшілік және қылмыстық заңдарына сәйкес жауап береді.

12. Экспортер, импортер қызметкерлердің және валюталық бақылау органдары мен агенттерінің лауазымды адамдарының осы нұсқаулық талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілігі

85. Экспортерлердің, импортерлердің жауапты қызметкерлері және валюталық бақылау органдары мен агенттерінің лауазымды адамдары осы Нұсқаулықтың талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қылмыстық, әкімшілік және азаматтық-құқықтық жауап береді.

86. Валюталық бақылау органдары мен агенттерінің лауазымды адамдары валюталық бақылау қызметін орындаған кезде өздеріне белгілі болған ақпаратты жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік кіріс министрі

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкінің Төрағасы

Қазақстан Республикасында
экспорт-импорт валюта бақылауын
ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа

1-қосымша

Ескерту: 1-қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 137 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

_____ жылғы "___" _____
_____ нөмірі 11 (12, 31, 32)

Экспорт бойынша мәміле паспорты

Экспортер _____ банкінің _____ деректемелері:

Атауы _____

Филиалы _____

Есеп айырысу-касса бөлімі (бұдан әрі - ЕКБ) _____

Мекен-жайы _____

Салық төлеушінің тіркеу нөмірі (бұдан әрі - СТН) _____

Банктің (банк филиалының) кәсіпорындар мен ұйымдарды жалпы мемлекеттік жіктеушінің коды (бұдан әрі - КҰЖЖ) _____

Шетелдік банктің атауы _____

Экспортердің _____ деректемелері:

Атауы _____

КҰЖЖ коды _____

Мекен-жайы _____

Қазақстан Республикасындағы банктік шотының нөмірі _____

Шетелдік банктегі банктік шотының нөмірі _____

СТН _____

Салық органының мекен-жайы _____

Төлқұжат деректемелері _____

Үшінші тұлғаның деректемелері:

Атауы _____

КҰЖЖ коды _____

Мекен-жайы _____

Қазақстан Республикасындағы банктік шотының нөмірі _____

СТН _____

Салық органының мекен-жайы _____

Төлқұжат деректемелері _____

Шетелдік сатып алушының деректемелері:

Атауы _____

Елі _____

Мекен-жайы _____

Сатып алушы банктің деректемелері _____

Келісім-шарттың деректемелері және талаптары:

Нөмірі _____ Соңғы күні _____

Күні _____ Төлем валютасы _____

Келісім-шарт сомасы _____ Төлем валютасының коды _____

Есеп айырысу нысаны _____

Келісім-шарт бойынша валюта _____

Келісім-шарт бойынша валютаның коды _____

Валютаны келісу _____

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы

Лицензияның нөмірі _____ Күні _____ Мерзімі _____

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тіркеу куәлігі

Тіркеу куәлігінің нөмірі _____ Күні _____

Валюта операциялары туралы хабарлама туралы куәліктің нөмірі

_____ Күні _____

Уәкілетті тұлғалардың қолдары:

банктің атынан экспорттердің атынан кеден органы атынан

(лауазымы) (лауазымы) (лауазымы)

Аты-жөні Аты-жөні Аты-жөні

(қолы) _____ (қолы) _____ (қолы) _____
мөр орны _____ мөр орны _____ мөр орны _____
күні _____ күні _____ күні _____
үшінші тұлғаның _____ үшінші тұлға
атынан _____ банкінің атынан _____
(лауазымы) _____ (лауазымы) _____

Аты - жөні _____ Аты - жөні _____
(қолы) _____ (қолы) _____
мөр орны _____ мөр орны _____
күні _____ күні _____
Банктің, Кеден органының ерекше белгілері

Жекелеген тауарлардың экспорты бойынша мәміле паспортына
200_жылғы _____ нөмір 3_ / _____ қосымша

Экспортталатын тауарлардың тізімі

Рет нөмірі	Тауардың атауы	Тауардың коды	Тізбе бойынша тармақтың нөмірі
1			
2			
...			

банктің атынан _____ экспортердің атынан _____ кеден органы атынан _____
(лауазымы) _____ (лауазымы) _____ (лауазымы) _____

Аты-жөні _____ Аты-жөні _____ Аты-жөні _____
(қолы) _____ (қолы) _____ (қолы) _____
мөр орны _____ мөр орны _____ мөр орны _____
күні _____ күні _____ күні _____

Экспорт бойынша мәміле паспортын толтыру ережесі

1. "Экспорт бойынша мәміле паспорты" - мәміле паспортының төрт бөліктен тұратын, көлбеу сызықпен бөлінген күрделі коды көрсетіледі:

1) бірінші бөлігі екі араб санынан тұрады: олардың біріншісі "1" немесе "3", екіншісі "1" немесе "2" болуы мүмкін. Бірінші "1" саны экспорт бойынша осы мәміле паспорты тауардың экспортынан валюталық түсімнің түсуін валюталық бақылауға арналғанын немесе "3" саны экспорт бойынша осы мәміле паспорты Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбеге сәйкес жекелеген тауарлардың экспортынан валюталық түсімдердің түсуін валюталық бақылауға арналғанын білдіреді. Екінші "1" саны мәміле паспорты бойынша ең алдымен

алдын ала төлеу болатынын немесе "2" саны тауардың кедендік ресімделетінін
б і л д і р е д і ;

2) екінші бөлігі кеден органының кодын құрайтын сегіз саннан тұрады;

3) үшінші бөлігі ағымдағы жылдың соңғы үш саны қойылатын үш саннан
т ұ р а д ы ;

4) төртінші бөлігі нүктесі бар нөл санынан тұрады, нүктеден кейін экспорт бойынша осы мәміле паспортының журналға сәйкес реттік нөмірі қойылады (мысалы, 11/00000000/003/0.12 немесе 32/00000000/003/0.15).

2. "Экспорт бойынша мәміле паспорты" бағанының астына кеден органы оның кеден органының тиісті экспорт бойынша мәміле паспорттарын тіркеу журналының "жіберілгендері" бағанындағы тіркелген күнін көрсетеді (осы Нұсқаулықтың 3 - 1 - қосымшасы).

3. "Экспортер банкінің деректемелері" бөлімі төмендегідей толтырылады:

1) "Атауы" бағанында экспорт бойынша мәміле паспортын ресімдеген банктің толық атауы көрсетіледі;

2) "Филиал" бағанында экспортердің экспорт бойынша мәміле паспортында бұдан әрі "шот нөмірі" бағанында көрсетілетін, экспортердің шоты жүргізілетін филиалдың толық атауы көрсетіледі. Баған, егер көрсетілген шот банктің филиалында жүргізілген жағдайда ғана толтырылады;

3) "ЕКБ" бағанында экспортердің экспорт бойынша мәміле паспортында бұдан әрі "банктік шот нөмірі" бағанында көрсетілетін шоты жүргізілетін ЕКБ-ның толық атауы көрсетіледі. Көрсетілген шот ЕКБ-да жүргізілген жағдайда ғана толтырылады ;

4) "Мекен-жайы" бағанында экспортердің шоты жүргізілетін банктің немесе банк филиалының (егер экспортердің шоты банктің филиалында жүргізілсе) немесе ЕКБ-ның (егер экспортердің шоты ЕКБ-да жүргізілсе) толық пошталық мекен - ж а й ы көрсетіледі ;

5) СТН бағанында банктің (егер экспортердің шоты банкте немесе оның ЕКБ-да жүргізілсе) немесе банк филиалының (егер экспортердің шоты банктің филиалында жүргізілсе) тіркеу нөмірі көрсетіледі;

6) "КҰЖЖ коды" бағанында экспортер банкінің сегіз мәнді коды (егер экспортердің шоты банкте немесе оның ЕКБ-да жүргізілсе) не "филиал" бағанында көрсетілген банк филиалының он екі мәнді коды (егер экспортердің шоты филиалда жүргізілсе) көрсетіледі;

7) "Шетелдік банктің атауы" бағанында экспортердің шоты ашылған және осы мәміле паспортында көрсетілген келісім-шарт бойынша "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының талаптарына және лицензияның және/немесе куәліктердің талаптарына сәйкес экспорттық түсім түсуі мүмкін шоты ашылған шетелдік банктің толық атауы

к ө р с е т і л е д і .

4. "Экспортердің деректемелері" бөлімі төмендегідей толтырылады:

1) "Атауы" бағанында мәміле паспортына қол қойған экспортердің толық ресми атауы көрсетіледі;

2) "КҮЖЖ коды" бағанында мәміле паспортына қол қойған заңды тұлға экспортердің (оның филиалының) оған мемлекеттік статистика органы берген сегіз мәнді (он екі мәнді) коды көрсетіледі;

3) "Мекен-жайы" бағанында экспорт бойынша мәміле паспортына қол қойған экспортердің толық пошталық мекен-жайы көрсетіледі. Келісім-шартта экспортердің нақты мекен-жайын көрсету шартымен экспортердің заңды мекен-жайы көрсетіледі;

4) "Қазақстан Республикасындағы банктік шотының нөмірі" бағанында мәміле паспортына қол қойған экспортердің банктегі (филиалдағы немесе есеп айырысу-касса бөліміндегі) осы мәміле паспортында көрсетілген келісім-шарт бойынша экспорттық түсім түсуі тиіс банктік шотының нөмірі көрсетіледі;

5) "Шетелдік банктегі банктік шотының нөмірі" бағанында экспортердің шетелдік банктегі осы мәміле паспортында көрсетілген келісім-шарт бойынша "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына және лицензияның және/немесе куәліктердің талаптарына сәйкес экспорттық түсім түсуі мүмкін шоты ашылған банктік шотының нөмірі көрсетіледі;

6) "СТН" бағанында экспортерге Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес берілген салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

7) "Салық органының мекен-жайы" бағанында экспортердің тіркелген жері бойынша салық органдарының мекен-жайы көрсетіледі.

5. "Үшінші тұлғаның деректемелері" бөлімі мәміле паспорты (мәміле паспортының қосымша парағы) резидент төлеушінің үшінші тұлғасының қатысуымен ресімделген жағдайда "Экспортердің деректемелері" бағаны сияқты толтырылады.

6. "Шетелдік сатып алушының деректемелері" бөлімі төмендегідей толтырылады:

1) "Атауы" бағанында соның негізінде экспорт бойынша мәміле паспорты жасалған келісім-шартта көрсетілген түрдегідей экспортталатын тауардың шетелдік сатып алушысының атауы көрсетіледі;

2) "Елі" бағанында соның негізінде осы мәміле паспорты жасалған келісім-шартқа сәйкес сатып алушы орналасқан елдің атауы көрсетіледі;

3) "Мекен-жайы" бағанында шетелдік сатып алушының соның негізінде экспорт бойынша осы мәміле паспорты жасалған келісім-шарттың талаптарына сәйкес заңды мекен-жайы көрсетіледі;

4) "Сатып алушы банктің деректемелері" бағанында шетелдік сатып алушыға қызмет көрсететін шетелдік банктің мекен-жайы және деректемелері көрсетіледі. Осы бағанда көрсетілген мәліметтер ресімделген мәміле паспорты бойынша шетелдік тараптың өзге банктік деректемелері арқылы ақша аудару кезінде төлемді сәйкестендіруден бас тарту үшін негіз болмайды.

7. "Келісім-шарттың деректемелері және талаптары" бөлімі төмендегідей т о л т ы р ы л а д ы :

1) "Нөмірі" бағанында негізінде экспорт бойынша осы мәміле паспорты жасалған келісім-шарттың нөмірі көрсетіледі;

2) "Күні" бағанында келісім-шартқа қол қойылған күн көрсетіледі;

3) "Келісім-шарт сомасы" бағанында экспортталатын тауардың осы келісім-шартқа сәйкес жалпы құны көрсетіледі. Егер келісім-шарт бойынша шамамен алынған бағасы белгіленетін тауарды жеткізу көзделген жағдайда, онда мәміле паспортында келісім-шарттың жеткізудің белгіленген көлемін шамаланған бағасына көбейту арқылы есептелген сомасы көрсетіледі, бір мезгілде мәміле паспортының "Банктің, кеден органының ерекше белгілері" бағанында келісім-шарттың шамаланған және нақты бағаларының мәміле паспортында көрсетілген сомадан артық не төмен болатыны көрсетіледі;

4) жекелеген тауарлардың экспорты бойынша мәміле паспортының қ о с ы м ш а с ы н д а :

"Тауардың атауы" бағанында - тауардың келісім-шарт бойынша атауы к ө р с е т і л е д і ;

"Тауардың коды" бағанында - тауардың Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша коды көрсетіледі;

"тармақтың Тізбе бойынша нөмірі" бағанында - тиісті тармақтың Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген Жекелеген тауарлардың тізбесіндегі нөмірі к ө р с е т і л е д і ;

5) "Келісім-шарт бойынша валюта" бағанында - республиканың кеден органдары кеден ісінің мәселелері жөніндегі уәкілетті органның тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актісі негізінде қолданатын валюталар жіктеушісіне сәйкес келісім-шарт сомасының валютасын әріптермен белгілеу көрсетіледі;

6) "Келісім-шарт бойынша валютаның коды" бағанында - республиканың кеден органдары кеден ісінің мәселелері жөніндегі уәкілетті органның тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актісі негізінде қолданатын валюталар жіктеушісіне сәйкес келісім-шарт сомасының валютасын сандармен белгілеу көрсетіледі;

7) "Валютаны келісу" бағанында - келісім-шарт бойынша валютаның төлем валютасына бағамын есептеудің тәсілі көрсетіледі ("Келісім-шарт бойынша

валютаның" және "Төлем валютасының" сәйкес келмеуі шартымен ғана
т о л т ы р ы л а д ы) ;

8) "Соңғы күні" бағанында негізінде экспорт бойынша осы мәміле паспорты жасалған келісім-шарт бойынша соңғы төлемнің экспортердің шотына түсуінің есеп айырысу күні көрсетіледі. "Соңғы күнді" экспортер кедендік ресімдеу жобаланған, келісім-шарттың талаптары бойынша рұқсат етілген соңғы күнге келісім-шарттың талаптарына сәйкес тауар экспортталған күннен есептелген экспорттық түсім түсетін мерзімге дербес қосуы арқылы есептеледі. Егер келісім-шартта оны қолдану мерзімі аяқталатын күн тікелей көрсетілген жағдайда, онда осы бағанда келісім-шартты қолдану мерзімінен басқа неғұрлым к е ш і р е к кү н кө р с е т і л м е й д і ;

9) "Төлем валютасы" бағанында - республиканың кеден органдары кеден ісінің мәселелері жөніндегі уәкілетті органның тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актісі негізінде қолданатын валюталар жіктеушісіне сәйкес экспортталатын тауардың ақысын төлеу жүргізілетін валютаны әріптермен белгілеу көрсетіледі;

10) "Төлем валютасының коды" бағанында - республиканың кеден органдары кеден ісінің мәселелері жөніндегі уәкілетті органның тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актісі негізінде қолданатын валюталар жіктеушісіне сәйкес төлем валютасын с а н д а р м е н б е л г і л е у кө р с е т і л е д і ;

11) "Есеп айырысу нысаны" бағанында - экспортталатын тауар үшін келісім-шарттың талаптарына сәйкес қолданылатын есеп айырысу нысанының коды көрсетіледі (төменде келтірілген жіктеушіге сәйкес):

Есеп айырысу нысаны	Коды
а в а н с т ы қ т ө л е м	
(алдын ала ақы төлеу)	00
а к к р е д и т и в	10
и н к а с с о	20
а у д а р ы м	30
басқалары	40.

Есеп айырысудың аралас нысаны қолданылуы мүмкін, онда бағанда үш және о д а н к ө п к о д қ о й ы л а д ы .

8. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы" бөлімі экспортер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензияларын алған кезде т ө м е н д е г і д е й т о л т ы р а д ы :

1) "Нөмірі" бағанында экспортерге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген лицензияның нөмірі көрсетіледі;

2) "Күні" бағанында лицензияда көрсетілген Қазақстан Республикасы Ұлттық

Банкінің берген күні көрсетіледі;

3) "Мерзімі" бағанында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясын қолдану мерзімі көрсетіледі.

9. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тіркеу куәлігі" бөлімі экспортер тіркеу куәлігін алған кезде төмендегідей толтырады:

1) "Нөмірі" бағанында экспортерге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген тіркеу куәлігінің нөмірі көрсетіледі;

2) "Күні" бағанында тіркеу куәлігінде көрсетілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің берген күні көрсетіледі.

10. "Валюта операциялары туралы хабарлама туралы куәліктің нөмірі" бөлімі экспортер хабарлама туралы куәлікті алған кезде төмендегідей толтырады:

1) "Нөмірі" бағанында экспортер жүргізген валюта операциясы туралы хабарлама туралы куәліктің нөмірі;

2) "Күні" бағанында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің экспортерге хабарлама туралы куәлікті берген күні көрсетіледі.

11. "Уәкілетті тұлғалардың қолдары" бөлімі төмендегідей толтырады:

1) Экспорт бойынша мәміле паспортының үш данасына:
кеден органының атынан - кеден органының атынан мәміле паспортына қол қоюға және валюталық бақылауды жүзеге асыру бойынша өзге іс-әрекеттер жасауға уәкілетті лауазымды тұлға;

банктің атынан - банктің мәміле паспортын ресімдеуді жүзеге асыратын жауапты қызметкері;

экспортердің атынан - экспортердің басшысы;
